



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

**Білімге жаңашылдық енгізіледі**  
3-бет



**Маралдың мәңгілік мұрасы**  
5-бет



**Қайда апарсың, GPT?**  
8-бет



## Қарағанды тартымды қалаға айналады

«Қала – тірі ағза. Кез келген тірі ағза секілді ол да жетіледі, кеңейеді, жаңа формаларға ие болады», – дейді архитекторлар. Қарқынды дамып келе жатқан әлемде тоқтаусыз тіршілік кешетін қала да өзінің әдеттегі функцияларын артқа қалдырып, жаңаларын игеруі керектігі қалыпты құбылыс. Жаңа технологиялардың пайда болуымен қалалар тұрғындар үшін ыңғайлы әрі экологиялық тұрғыда таза бола бастады. Қарағанды да бұл көштен қалмақ емес. Бюджеттен биылғы жылы қалаға бөлінген сома – 152,60 млрд теңге. Бұл қаражат тұрғындардың өмірін жайлы әрі қауіпсіз етіп қана қоймай, қаланың да өзінің аша түспек. Мәселен, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен жиында қала басшысы Мейрам Кожухов мәлімдеген жоба жүзеге асар болса, газбен және жылумен толық қамтылып, судан тапшылық көрмейтін Қарағандыда «алма бағы» пайда болып, көлік легін «якылды бағдаршамдар» басқаратын болады.



**Президент тапсырмасын орындай отырып...**

ясының негізгі коллекторы мен легін реконструкциялау жоспарға енгізілді. Оны «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында «Қарағанды Су» ЖШС өз қаражаты есебінен жүргізеді. Одан бөлек, Оңтүстік-Шығыстағы «Панель-Центр» шағын ауданында көріз сорғы станциясын салу жобасы әзірленді. Оған қаражат бюджеттен бөлінеді. Жоспарланған жобаларды іске асыру есебінен су бұру желілерінің тозуы 2%-ға төмендейді, – дейді қала басшысы.

Сонымен қатар, Қарағандыда шалғай аудандарды орталықтандырылған сумен жабдықтау мәселесі әлі де шешілуде. Атап айтқанда, №22 су құбырын қайта реконструкциялау жалғасады. Жаңа Тихоновка және Ескі Тихоновкадағы су құбыры желілерін салуға, сондай-ақ қаланың 16 су құбыры желісінің құрылысына қаржы бөлінді. Жобаны іске асыру Жұмысшылар кентінде де жалғасады. Осы мәселелерді шешу су құбырының тозуын тұтастай алғанда 60%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік беретінін атап өтті Мейрам Кожухов.

Қала басшысы сумен жабдықтау және су бұру желілерін жөндеуге және салуға бюджеттен 2,4 млрд теңге қарастырылғанын айтады.

– Облыс орталығынан шалғай жатқан ауылдар емес, қаланың барлығы сумен толық қамтылуы керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

➤ 2-бет

**Салтанат ІПІЯШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Газ бен жылу – басты назарда

– Қала бюджеті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қойған міндеттерге және алдағы жылға арналған басымдықтарды ескере отырып, стратегиялық құжаттарға сәйкес қабылданды. Трансферттерді ескере отырып, қала бюджеті – 152,60 млрд теңге болса, оның 121,6 млрд теңгесі – қалалық бюджеттен. Жалпы, бюджеттің 23,7%-ы әлеуметтік салаға жұмсалады. Оған әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт, сондай-ақ ішкі саясат кіреді, – дейді Мейрам Мұратұлы.

Қарағанды газ тарату желілерінің құрылысын әрі қарай жалғастыра береді. Ол үшін 15,8 млрд теңге қарастырылған. Алдымен төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші іске қосу кешендері қамтылады. Атап айтқанда, Ұлттық қордан берілетін трансферттер есебінен 15 мыңнан астам үйді қамти отырып, 246-ға жуық көшені газдандыру жоспарға енгізілген.

– № 1, 2, 3, 4 іске қосу кешендері екінші кезекте қарастырылады. Оған «Кирзавод-3, 4», Үлкен Михайловка, Федоровка, «Таугүл», «Күңгей» кіреді. Одан бөлек, жоспарда ЖБИ және Пршхатинск аудандарын орталық газбен жабдықтау да бар. Осылайша біз

246 көшені газдандыра аламыз. Бұл атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын азайтуға және жеке сектордағы адамдардың тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді, – дейді Мейрам Кожухов.

Сонымен қатар, қалада жылумен жабдықтау мәселелерін де шешу жалғасуда. Атап айтқанда, бұл мақсатқа 10 млрд теңге қарастырылған.

– Үшінші жылу электр орталығынан бірінші орталық жылу тарату пунктіне дейінгі жылу магистралін реконструкциялауды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, биыл жылу желілерін ағымдағы жөндеуге жұмсалатын шығындар ұлғаяды. Аталған жұмыстар нәтижесінде желілердің тозуы 1,5%-ға төмендейді деп күтілуде, – деді Мейрам Мұратұлы.

Бұл ретте Ермағанбет Қабулаұлы тұрғындарды орталық

газға қосу үдерісін жеделдетуді тапсырып, аталған мәселеде материалдық қолдауды қажет ететін халықтың әлеуметтік осал тобына ерекше назар аудару қажеттігін қалап айтты.

### Сорғы станциясының құрылысы басталады

Қарағандының ірі аудандарының бірінде көріз сорғы станциясы салынады. Одан бөлек, облыс орталығында көріз желілерінің тозуы 82%-ға төмендейді. Бұл да – жиын барысында қала басшысы бөлекше жағымды жаңалықтың бірі.

Жалпы, Мейрам Мұратұлы су бұру саласында бес негізгі проблемалық мәселе бар екенін айтады.

– Бюджет қаражаты есебінен №19 және Совхозная көшесіндегі көріз коллекторларын, сондай-ақ, он үшінші көріз сорғы станци-

• РЕСМИ

## Түркістанға тікелей ұшамыз

Енді қарағандылықтар үшін еліміздің рухани астанасы және киелі жер, мұсылман атаулы тәу етіп барып, зиярат қылатын құтты, қасиетті мекен Түркістан жақындай түсті. Көлік министрлігі ішкі туризмді дамыту мақсатында Түркістан бағытында ұшатын әуе рейстерінің көбейгенін хабарлады.

**Аида РАХЫМҚҰЛОВА,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

13 қаңтардан бастап, «Қарағанды-Түркістан» бағыты бойынша екі субсидияланған рейс ашылады. Әуе сапарларын «Qazaq Air» отандық лоукостері іске қосты.

«Қарағанды-Түркістан» рейсі дүйсенбі және сәрсенбі күндері ұшады. Бағасы бір бағытқа 20 мың теңге деп белгіленіп отыр. Сондай-ақ, субсидияланатын әлеуметтік маңызы бар әуе рейстерінде 14 жасқа дейінгі балаларға әуекомпания 50% жеңілдік ұсынады.

Айта кетейік, «Qazaq Air» әуе компаниясы 4 қаңтардан «Қостанай-Түркістан» бағытында және 13 қаңтардан «Қарағанды-Түркістан» бағытында екі субсидияланатын әуе рейсін іске қосты. Осылайша қасиетті Түркістанға сапарлаған жолаушының саны артпақ.



➤ 2-бет

• ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН

## Жаңа жылдың жаңалығы қандай?


1 қаңтардан бастап Қазақстанда әлеуметтік саланы, экономиканы, экологияны және қауіпсіздікті қамтитын бірқатар жаңа заңнамалық бастамалар күшіне енді. Айлық есептік көрсеткіш 3 932 теңгеге өсті. Базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 32 360 теңге, ең төменгі зейнетақы – 62 771 теңгеге ұлғайды. Сондай-ақ, ең төменгі күнкөріс деңгейі – 46 228 теңге, жалақының ең төменгі мөлшері 85 мың теңгені құрады. Биыл әлеумет күткен әлеуметтік өзгерістер қандай болмақ?

**Жансая ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Зейнетақы төлемдері 8,5%-ға өсті

Зейнетақының ең төменгі мөлшері бытырғы 57 853 теңгенің орнына 62 771 теңге болды. Мемлекеттік базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 28 215 теңгеден 32 360 теңгеге өсті.

– Облысымыз бойынша 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 178 мың зейнеткерлердің зейнетақысы алып отырған мөлшерінен 8,5%-ға өсті. 2025 жылғы



1 қаңтардан бастап, жасына байланысты жаңадан тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 55 АЕК-ні (216 260 теңге) құрайды, – дейді халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Татьяна Син.

Оның айтуынша, жаңа жылдан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 205-бабына сәйкес ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді.

– Мәселен, – деп түсіндірді Татьяна Син, – 2024 жылғы 1 қаңтардан зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда сол жылға белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 70%-ы мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2%-ға өседі, бірақ, ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 110%-нан аспайтын мөлшерде беріледі. Бұл жаңа тағайындалған зейнеткерлерге және 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққандарға қатысты.

➤ 4-бет

# Қарағанды тартымды қалаға айналады

(Соңы. Басы 1-бетте).

## Биыл – жол қозғалысы қауіпсіздігі жылы

Газ, жылу және судан бөлек, қала көркіне де ерекше мән берілген биылғы жоспарда. Мәселен, Назарбаев даңғылы қайта реконструкцияланады. Одан бөлек, қаланың бірнеше гүлзарлары қайта жасалады. Урбанистика орталығымен бірлесіп жасалған жоба тұрғындардың негізгі сұраныстарына толықтай сай болуы тиіс.

Жобалардың басты идеясы – әр аллеяға өзіндік стиль беру және көрер көзге әдемі ету. Айта кетер болсақ, көптен бері жөндеуді қажет етіп тұрған Назарбаев даңғылы – қарағандылықтар серуендеуді жақсы көретін орындардың бірі. Бұл жерде жоба бойынша тротуарларды жөндеу, көгалдар төсеу, 175 ағаш отырғызу, 260 жарықтандыру тіректерін, жаңа орындықтар мен шатырларды орнату жоспарланып отыр.

– Бұқар жырау даңғылындағы субұрқақтар каскады маңындағы аумақ абаттандырылады. Орталық саябақтың кіреберісі де біраз жылдар бойы тиісті жөндеуден өткен жоқ. Одан бөлек, саябақтағы жаяу жүргіншілер жолының төсемелері ескіріп, сына бастаған. Жарықтандыру да жеткіліксіз. Олардың барлығы толығымен ауыстырылады, – деді қала басшысы.

Сондай-ақ, Күзембаев атындағы, «Ғасыр» СҮ жанындағы және 14-шағынаудандағы саябақ та жөндеуден өтеді. Ал, «Алаш» саябағы, К.Станиславский атындағы театрдың алдындағы алаң, сондай-ақ, Бұқар жырау даңғылындағы жаяу жүргіншілер аймақтарын абаттандыру жұмыстары биыл да жалғасады.

Н.Әбдіров даңғылындағы 25 және 26 үйлердің аулаларын абаттандыру, Кеншілер даңғылы бойындағы саябақты ағымдағы жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары, орамшilik жолдарды, кіреберістерді абаттандыру, аулаларда шұңқырларды жөндеу және жаяу жүргіншілер жолдарын орнату,



көгалдандыру, ағаштарды кесу, ауданды безендіру жұмыстары жүргізіледі. Қазыбек би атындағы аудан бойынша жұмсалатын қаржы 8,2 млрд теңге болса, Әлихан Бөкейхан ауданы бойынша 3,4 млрд теңге қарастырылған.

Мейрам Кожухов 2025 жыл Оңтүстік-Шығыс, Майқұдық және жол қауіпсіздігі жылы болатынын да айтты. Сондықтан, қаланың осы екі бөлігіне ерекше назар аударылады.

Әлихан Бөкейхан ауданында жол жиектері де көгалдандырылып, ағаштар пішіндеп кесіледі. Ал, ірі сауда орталықтары мен дүкендердің жанында жаяу жүргіншілердің қауіпсіз және жайлы қозғалысы қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, қала бойынша реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелдеріне 800-ге жуық жаңа жол белгілері, 50 жасанды жол кедергісі орнатылады.

Абаттандыру жұмыстарының басым бөлігі «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша жүзеге асырылатынын айту керек.

– Біздің міндетіміз – облыс орталығына демалу және серуендеу үшін көбірек аймақтар қосу. Жол бойындағы, аулалардағы, орталық көшелердегі бос жерлерді де абаттандырыңыздар. Тұрғындардың үміттері зор және біз оларды ақта-

уға міндеттіміз. Біз қаланы жайлы, заманауи және өмір сүруге ыңғайлы етуге тиіспіз, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

## «Ақылды бағдаршамдар» іске қосылады

Қалада автожолдардың құрылысы мен реконструкциясы жалғастырылатын болады. Оған 3,2 млрд теңге қарастырылған. Бұл ретте Космонавттар, Бөкетов, Дүйсембеков, Бауыржан Момышұлы, Мұқанов, Сарыарқа және Университет көшелеріндегі жолдар қамтылады.

Ал, жолдарды күрделі, орташа және ағымдық жөндеуге шамамен 13,3 млрд теңге жұмсау жоспарланады.

Жалпы, Қарағанды облысында 200 мыңнан астам көлік тіркелген. Автокөлік санының қарқынды өсуі салдарынан кейінгі жылдары қалада кептеліс жиілегені байқалады. Бұл мәселе де әкімнің назарынан тыс қалмаған. Мейрам Кожуховтың жобасы бойынша қала жолдарындағы кептелісті бұдан былай «ақылды бағдаршамдар» өздері реттеп тұрады.

Қала басшысы наурыз айына дейін бағдаршамдар толығымен ауысады деп уәде берді. Сәйкесінше, қарбалас уақытта көлік легі оңай реттеліп, жолға кететін уақыт азаяды. Қала әкімі қалалық жолдар-

дың кейбір бағыттарын біржақты ету қажеттігін атап өтті. Бұл да – кептелісті азайту үшін болашақта қолданылатын шаралардың бірі.

Кептеліс – өз алдына, қысқы уақытта автокөлік жолдарының қардан сапалы тазалануы да қала өміріндегі маңызды саланың бірі. Бұған қатысты «Қала орталығындағы көшелерді ғана тырналай берудің қажеті жоқ!» деп наразылығын білдірген Ермағанбет Бөлекпаев Қазыбек би атындағы және Әлихан Бөкейхан аудандарының әкімдеріне күн мен түнге қарамай, жұмыс істеуді тапсырды.

– Проблема жоқ емес, бар. Ол әлеуметтік желіде де жазылып жатады. Жаяу жүргіншілер жолына қатысты айтылмағанымен, қар шығару және жолдарды тазарту мәселесі бар. Екі аудан бойынша да мердігерлердің жұмысында олқылықтар жоқ емес. Көрмей, білмей жүрген жоқпыз. Бұл – үздіксіз атқарылуы тиіс жұмыс әрі екі аудан әкімінің тікелей міндетіне кіреді, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

## «Ымыраға келу болмайды»

Қала басшысының айтуынша, жоспар бойынша биыл тұрғын үй құрылысын дамыту жалғасады. Мәселен, 30-шағынауданда үш үй және Пришахтинскіде бес қабатты үй болашақта халықтың әлеуметтік

осал топтары арасында бөлінеді. Естеріңізде болса, өткен жылы Мейрам Кожухов Қарағандыда бұдан былай бюджеттік тұрғын үй салынбайтынын айтқан болатын. Қала басшылығы кезекте тұрғандар үшін дайын пәтерлерді құрылыс салушылардан сатып алуды жоспарлап отыр.

Бұл ретте Ермағанбет Қабдулаұлына облыс әкімінің орынбасары Еркем Алпысов кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй салуға ақша салмай, дайын тұрғын үйді сатып алуға кеңес берді.

– Күш-жігерді, қаражат пен уақытты үнемдеу үшін жеке бизнесті тартып, содан кейін олардан дайын тұрғын үйді сатып алған дұрыс деп санаймын. Бұл – ұтымды шешім, – деді Еркем Алпысов.

Ал, Мейрам Кожухов «Трилистник» тұрғын үй кешеніндегі №9, 10 үйлерінің құрылысын аяқтауға және 14-ықшамауданындағы жаңа көпқабатты үйлердің құрылысын қаржыландыруды қолдауды сұрады.

– «Трилистник» тұрғын үй кешенін аяқтау керек. Құрылысы жылдарға созылып барады. Мысалы, №9 үй іс жүзінде дайын. Оны тапсыру керек. №10 үй де осындай жағдайда. Жұмысты аяқтауға болады, бірақ ол үшін бар күш-жігерді салу керек, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, аймақ басшысы құрылыс салушыларда рұқсат құжаттарының толық пакеті болуы керектігін айтты. «Бұдан былай құрылыс салушылардың ешқайсысы үлескерлердің атын жамылып, билікті бопсалауға батылы бармайтын болуы тиіс. Бұл мәселеде ешқандай ымыраға келу деген болмайды!», – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Аймақ басшысы коқыстарын жинамайтын құрылыс компанияларына назар аударды. Ол Пришахтинскідегі Оқушылар сарайын тұрғызылғаннан кейін қоршаған аумақты ретке келтіріп қана қоймай, көгалдандыруға үлес қосқан мердігерді үлгі ретінде келтірді.

Қала әкімі Мейрам Кожухов тұрғын үй салушылардың көгалдандыруға қатысуы туралы келіссөздер жүргізіліп жатқанын хабарлады. Оларға пәтер саны бойынша үйдің жанына ағаш егіп, содан кейін оларға күтім мен қауіпсіздікті

қамтамасыз ету ұсынылады.

## Алма бағы пайда болады

Мейрам Мұратұлы бөліскен тағы бір жағымды жаңалық – Қарағандыда алма бағының пайда болатыны. Бес мың түп алма көшеттері Орталық саябақ пен хайуанаттар бағының арасында орналасады. Қазір бұл үлкен аумақ бос тұр.

Кезінде бұл жерде сафари саябағын салу жоспарланған еді. Бірақ, кейіннен жүзеге аспай қалды. Егер алма бағын отырғызу сәтті жүзеге асса, бұл жер қала тұрғындары мен қонақтары үшін демалатын тамаша орынға әрі қала мақтанышына айналақ. Бұны облыс әкімі де жоққа шығармайды.

Ал, Орталық саябақта жүру бағытын кеңейте отырып, балалар темір жолын хайуанаттар бағына дейін жалғау да биылғы жоспарға енген. Одан бөлек, кондиционер орнатылған және жылытылған вагондар да алынбақшы.

Аймақ басшысы хайуанаттар бағының жұмысына да қызығушылық танытты. Мұндай бақ Қазақстан бойынша небары үшеу. Соның біреуі – Қарағандыда.

Жоспарда Орталық саябақтағы аттракциондарды да жанарту бар. Олардың бағасының қымбаттығына байланысты меншік иесі оны өз қаражатына жаңарту алмайды. Бұл ретте Ермағанбет Қабдулаұлы аттракциондардың бағасын төмендету қажеттігін атап өтті. Баға қымбаттығы аттракциондарға ғана емес, тамақ пен сусын сататын орындарға да қатысты.

– Баға өте қымбат. Бәсекелестік орната алмай отырғанымызды көсіпкерлер жақсы пайдаланып, бағаны асыра қойып отыр. Саябаққа барғандар көп ақша жұмсайтынын жиі естимін. Шыны керек, көсіпкерлер бағаны қымбаттатқанына қарай, инвестиция салмайтынын да мойындау керек. Бұл бола берсе, аттракционды өзіміз алып, көсіпкерлер тек қызмет көрсетумен айналыссын. Тұрғындарға ыңғайлы болуы үшін кеңілге қонымды етіп қоямыз. Қажет болса, арзан асхана да салуға болады, – деді облыс әкімі.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## • 2025 ЖЫЛ – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

# Басты мақсат – сапалы жұмысшыларды дайындау

Мемлекет басшысының бастамасымен жарияланған Жұмысшы мамандықтар жылының Қарағанды өңірі үшін маңызы зор. Өлкенің еңбек нарығының жартысына жуығын жұмысшы мамандар құрайды екен. Бұл – тау-кен және өндіріс өнеркәсібінде, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында, құрылыс, ауыл шаруашылығы, т.б. салаларда жұмыс істейтін 300 мыңға жуық маман.

Әлібек ӘЛДЕНЕЙ,  
Қарағанды облысы әкімінің орынбасары



Қарағанды өзінің республиканың индустриалды орталығы екенін мақтан тұтады. Сондықтан, оның алдағы уақытта ел аумағындағы жұмысшы мамандарды дайындау орталығына айналуы қисынды.

Сондықтан, біз алдымызға үлкен мақсат қойдық. Ол – кәсіптік-техникалық колледждерде білім беру сапасын халықаралық стандарттарға жеткізу. Бұл үшін Қытай, Германия, Түркия, Финляндия сияқты елдердің оқу орындарымен және компанияларымен тәжірибе алмасуды жолға қоямыз.

Индустриалды өлкеде жалпы саны 52 колледж бар. Қазір барлық колледждердегі білім беру жүйесін кластерлеуді қолға алдық. Яғни, олардың әрқайсысы білім беру, құрылыс, энергетика, IT және байланыс, тау-кен өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, ауыл шаруашылығы сияқты сегіз бағыт бойынша кәсіби маман дайындауға бейімделеді.

Бұған қоса, Теміртау мен Қарағанды-

дағы екі политехникалық колледжді халықаралық аккредиттеуден өткізуге ниеттіміз. Тағы бір жақсы жаңалық – колледждегі оқу жүйесі кәсіпорындардағы практикалық сабақтармен ұштастырылады. Яғни, студенттер теориялық біліммен қатар өндірістегі кәсіпқой мамандардан шеберлік сағаттарынан өтіп, тәлімгер атанады.

Айта берсек жаңалық көп. Айтпақшы, биыл колледждерге арналған гранттар санын 1100-ге арттырдық, яғни биылдың өзінде студенттер саны 9200-ге жетті.

Бастысы, біздің мамандар ұлттық экономиканың тасын өрге домалататын нағыз кәсіпқой болуға тиіс. Адал еңбегімен елдің берекесін арттыратын мамандарға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау беріледі. «Еңбек түбі – береке» деген мәтел өмір шындығына айналуы керек.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

# Отыз жылдың орасан игілігі

1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толады және Алғыс айту күні аталып өтеді. Бұл ұйым 1995 жылы еліміздегі этносаралық келісім мен татулықты сақтау мен нығайту үшін құрылған еді. Осыған орай, облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерімен жүздесті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын атап өтеміз. Осыған байланысты алдымызда бірқатар маңызды міндеттер тұр. Тәуменді тәуелсіздік жылдарында Ассамблеяның рөлі жоғары екендігін білеміз. Осы тұрғыда еларалық сипаттағы түрлі форумдарда да, ұлттымыздың біртұтастығын тұғыр еткен бұл құрылымның мән-маңызын айрықша таныта түсуіміз керек. Әлбетте, осы жылы өңіріміз үшін жеткен жетістігімізді ой елегінен өткізіп, саралап алғанымыз алдымен өзіміз үшін пайдалы дер едік. Ендігіде ашық диалог қалыбында өздеріңіздің ортаға салар ұсыныстарыңыз да жоқ емес шығар. Жылға көздеген жоспарларымызды пысықтап алған абзал болар деген шешімге келіп отырмыз, – деді аймақ басшысының орынбасары.

Бастабында сөз алғандардың қатарында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының Жастар қанатының жетекшісі Александр Урмашов өңірлерді аралап, ондағы жастардың санасына алда атқарылатын қайырылы істер хақында баяндау орынды екендігін алға тартты. Мұнымен қоса, қыркүйек айында дәстүрлі негіздегі жастар форумын өткізу жоспардан тыс қалмайтынын жеткізді.

– Әлбетте, мерекелік жылда облыс жастары атынан тақырыптық мурал тарту етпек ұсынысымыз бар. Біздіңше, мурал кейінгі уақыт тұрғысында өміршең мұра болып қалатыны сөзсіз, – деп түйіндеді сөзін Александр.

Ал, Ассамблея ардагері, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы



Журналистер мен сарапшылар клубының төрағасы Әшімхан Жәмпейісов 2005 жылы «Сарыарқа – достықтың мекені» атты телевизиялық бағдарламалар циклін қайтадан жаңғырту қажеттігі туралы бастама көтерді. Бұдан бөлек этно бірлестіктер туралы деректі фильм түсіру қажеттігі де кеңінен сөз болды.

Сайып келгенде, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы – еліміздің татулық пен ынтымаққа жетелеген жылдардағы үлкен бәлесі. Ассамблея құрылғаннан бері тарихи тұрғыдағы сан қырлы жұмыстар ұлт пен ұлыстар, этностар бірлігін нығайтуда теңдессіз рөл атқарды. Ашық диалог алаңында айтылған ұтқыр ұсыныстар мен баянды бастамалар болашаққа бағытталған ірі қадамдардың бастауы іспетті. Өңірлерді аралап, жастардың бойына патриотизм

мен татулық рухын сіңіру, мерекелік жыл аясында мурал салу, телебағдарламаларды қайта жандандыру сияқты игі істер ел бірлігін жана деңгейге көтерері сөзсіз. Бұл жиндама айтылған әрбір ұсыныс, әрбір бастама – халқымыздың кемел келешегіне деген селкеусіз сенімнің көрінісі. Ассамблеяның әрбір мүшесі мен әрбір қатысушысының қосқан үлесі арқылы Қазақстанның татулық пен ынтымақ ордасы ретінде әлемге танылып отырғанын мақтанышпен айтуға болады. Алда әлі де атқарылар істер көп. Бірақ, бүгінгі жүздеу осы ордалы ойлардың берік іргетасын қалағандай. Жиыннан кейін әрбір қатысушының жүрегінде алдағы міндеттерге деген жауапкершілік пен сенім нығая түскендей кейіп аңғарылды.

Сурет автордан



• БІЗДІҢ СҰХБАТ

# «Біздің қоғамға тең көзқарас қажет»

Жыл сайын ел бюджетінің басым бөлігі әлеуметтік салаға бөлінетіні белгілі. Биыл бұл салаға 9,8 триллион теңге қарастырылған. Оның 6 триллионы әлеуметтік төлемдерге, 2,4 триллионы – денсаулық сақтау саласына және бір триллионнан астамы білім беруге бөлінген. Елдің әлеуетінің артуы денінің саулығына тікелей байланысты. Салада түрлі бастамалар қолға алынып, жобалар жүзеге асуда. Қарағандыдағы профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухана аймақтың ғана емес, республика бойынша үздік денсаулық сақтау мекемелерінің қатарында. Аурухана директоры Еркін-Дәуір Құрманғалиев клиниканың өткен жылғы жұмысын қорытындылап, жаңа жылдағы жоспарлармен бөлісіп, сұхбат берді.

– Еркін-Дәуір Төлеуұлы, жылды қалай қорытындыладыңыздар? Өткен жыл несімен есте қалды?

– Ауруханада былтыр алғаш рет робот ассистенттің қатысуымен ота жасалды. Облыстың бас нейрохирургы Ғабит Махамбаев өткізді. Нәтижесі жақсы. Сонымен қатар, біздің клиника Қазақстанда бірінші болып табан буының эндопротезді. Мұндай 3-4 ота жасалды. Айтарлық науқастар қатары артты. Алдындағы жылмен салыстырғанда медициналық көмек көбірек көрсетіледі. Ортопедия, нейрохирургия, офтальмология бойынша осы жылға кезек толып қалды. Мысалы, көз ауруларының клиникалары қалада жеткілікті. Бірақ, бізге келтісі келетіндер көп. Кезек республикада ең көбі шығар. Биылға офтальмологиялық қызметке кезек өткен жылы қарашада толық болған. Сол сияқты протездеуде де кезек бар. Қазақстанда мұндай бағыттағы көмек көрсететін емдеу мекемелері көп болса да, халық бізді таңдайды. Нейрохирургия да сол сияқты. Клиниканың сұранысы жоғары. Әрине, шағым да, проблемалар да бар.

– Халықтың алғысы көп пе, шағымы көп пе?

– Шағым да, алғыс та айналып келгенде бір бөлімшеге, сондағы қызметкерлерге айтылады. Бұл қалай деп шынымен ойландым. Барлық науқаста бірдей жағдай, бірдей ауру, оған жүргізілетін

ем де бір. Мәселе – түрлі көзқараста. Бір жайтқа әркім әртүрлі пікір білдіруі мүмкін. Бұл – тіпті, көп жағдайда ауруханада жатқан науқастардың емес, олардың туыстарының пікірі. Науқастардың өзі сирек шағымданады. Жалпы, шағым азырақ, алғыс көбірек.

– Қалай анықтайсыздар, мониторинг жүргізісіздер ме?

– Біз тоқсанына, жарты жыл сайын мониторинг жасайды, арнайы бағдарламасын да жасайды, сауалнама толтырды, бағалады. Бірақ, бірдей бағалау мүмкін емес. Мысалы, өте ауыр науқастар түсетін инсульт бөлімін жоспарлы бөлімшемен салыстыра алмаймыз. Бұл салыстыру тең емес. Алайда, біз өзіміздің «проблемный» жерлерімізді білеміз.

– Мәселен...

– Біз үшін бұл – қабылдау бөлімі. Жоспарлысы да, шұғылы да сонда жиналады. Ауруханаға жылына орта есеппен 250 мың адам келеді десек, олардың соңынан кем дегенде бір-екі адам келеді. Сонда миллионнан асады дей беріңіз. Былтыр мәселен, біздің клиникаға барлығы 278 мыңнан астам келіпті. Оның ішінде, ауруханаға жатып шыққаны, травмунктке, кеңес алуға жүгінгендері бар. Клиникалық 18 бөлімше бар. Одан бөлек, зертхана, рентген, қабылдау бөлімі, реанимация және басқаларын қосқанда 50 шақты бөлімше болады. Бұл өте көп.



1200-ден астам қызметкер істейді.

– Олардың жұмысын реттеу қаншалықты қиын?

– Жұмыс жүйелі жүргізіледі. Күнделікті қалыптасқан тәртіп бар. Аптасына бір рет бөлімше менеджерлерін, бас медбикелер мен дәрігерлерді жинап, өткен аптаны қорытындылаймыз. Көбінесе оларды шақырғанша, өзіміздің бара салғанымыз жақсы.

– Кадр тапшылығы бар ма?

– Бар, бірақ, қатты тапшылық сезініп отырған жоқпыз. Соңғы 5-6 жылда өз қаражатымызбен, денсаулық сақтау басқармасының, жергілікті билік ұсынған гранттар есебінен мамандарды оқытып алдық. Бірақ, кетіп жатқандар да бар. Басында мамандар кеткен кезде, ренжіп, қиналатын едік. Қазір біз клиникамыздың тәжірибе жинақтау үшін үлкен мектеп екенін түсіндік. Басқа жерде мұндай білім мен білік жинай алмайды жастар. Біздегі операциялық белсенділік өте жоғары – 73%. Күніне кемі 50 шақты, аптасына 400-дей ота жасалады. Өзім де уақытым болса, аптасына 1-2 рет ота жасаймын.

– С.Сейфуллин көшесіндегі филиал-

да қазір қандай көмек көрсетіледі?

– Онда жоспарлы бөлімше, екі ортопедия, іріңді жаракат және оңалту бөлімшелері бар. Ол жақ кішкене тыныштау.

– Биылғы жылға қандай жоспарлардың бар?

– Инфаркт емдеу бойынша құралдар алуға «Қазақстан халқына» қорына сұраныс бердік. Негізі клиникада бұл қызмет түрі жоқ. Түскен науқастарды басқа ауруханаларға жібереміз. Бірақ, енді өзімізден де ашқымыз келеді.

– Оған мамандарыңыз бар ма?

– Бұл қазір ғана қабылданған шешім емес. Мамандарды даярлағаннан кейін беріп отырмыз өтінішті. Клиника 27 профиль бойынша қызмет көрсетеді. Қазір аурухана өзінің барлық қуатында жұмыс жасап тұр. Оны арттыру үшін клиниканың аумағын кеңейту керек. Болашақта осы жерден қабылдау бөлімін жасағанымыз келеді, жобасы да бар. Бір қабат толығымен қабылдау бөлімі болады. Екіншісі реанимация, бесінші қабат толығымен операциялық блок болады. Оның жобасы бұрын жасалған еді, ковид кезінде аяқсыз қалды.

– МӘМС-пен мәселе жоқ па?

– Жыл басында қарыздар болған кезде қорқақтап едік, кейін төселдік. Жалпы, бұл сақтандыру жүйесінің орнында баға болса да сын айтылар еді. МӘМС салаға ақша әкелгені рас. Медициналық қызметкерлердің еңбекақысы өскені рас, көрсетілетін қызметтер қатары көбейді. «Кезек көбейді» дейді, бірақ, көрсетілген қызметтердің статистикасы өскені нақты ғой. Алдыңғы жылдармен салыстырса, қызметтер арты, құралдар жақсарды, медициналық нысандар саны көбейде.

– Денуаттық қызметте қандай мәселелерді шешуге аталысыңыз?

– Жарықтандыру, асфальт төсеу сынды жалпы мәселелер айтылады көбінесе. Қабылдау жүргізетін кесте бар. Дегенмен, халық осы жерге де келе береді. Зейнеткерлер, көпбалалы аналар жеке мәселесін

айтады. Саяжайлардың күйі, коқыс шығару, суағарларды тазалау, ағаш кесу сынды мәселелер. Учаскедегі мекемелер де түрлі мәселемен келіп жатады. Әкімдіктен бірге шешіледі. Алайда, мәселенің оң шешілуі үшін тұрғындардың өздері де белсенді болуы тиіс. Олар әуелі өзара келісіп, келісулері керек. Осы тұрғыда белсенді тұрғындар да бар, құр айтып-айтып қоятын адамдар да бар.

– Сіздің ойыңызша, әділетті қоғам неден басталады?

– Барлығына тең қарау керек. Теңсіздік көпшіліктің ашу-ызысын келтіреді. Қоғамда орын алып жатқан барлық процесте тең қарым-қатынас болуы қажет. Барлық кезде дәрігер, барлық кезде әкімдік кінәлі бола бермейді. Мемлекеттік қызметкерлер де, кәсіпкерлер де қорғалмаған. Біз туындаған мәселені шешуге тырыспаймыз, кінәліні іздейміз. Ал таптық, кінәліні, сосын не істейміз? Бұл бірінші кезектегі шаруа емес негізі. Әуелі «Мәселені қалай шешеміз? Не істейміз? Қандай ұсыныстарыңыз бар?» деген нәрсе айтылуы тиіс. Барлығында әділетсіздікке төзбеушілік қалыптасуы керек адамдарда. Бір мәселе бойынша екі шешім болмайды.

– Осы тұрғыдан қарасақ, қоғамдық оптимизм қашан қалыптасады деп ойлайсыз?

– Қоғамдық трансформация өз деңгейінде жүрмей жатыр. Пазлдың бір жері келіспей тұрған сияқты. Мен Президенттің Жолдауын барып тыңдадым. Қаншама тамаша ойлар мен пікірлер айтылды. Біздегі «естітін мемлекет» жүйесі шағымдарды ғана естиді. Оған зор әкімшілік ресурс жұмсалады. Шағымдарды ғана емес, ұсыныстар мен пікірлерді де ескеру керек.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан **Жансая ОМАРБЕК**, «Ortalyq Qazaqstan»

## Жаңа жылдың жаңалығы қандай?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы ынтымақты зейнетақы 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін кемінде алты ай жұмыс істегендерге ғана төленеді. Оның мөлшері еңбек өтілі мен табысына байланысты. Биыл ең төменгі ынтымақты зейнетақы 62 771 теңгені құрайды. Өткен жылы ол 57 853 теңге болған еді. Мемлекеттік базалық және ынтымақты зейнетақы мемлекеттік бюджеттен төленеді. Зейнеткерлікке әйелдер – 61, ерлер 63 жастан бастап шығады.

### Жәрдемақы мөлшері артты

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің артуы әлеуметтік жәрдемақылардың да өсуіне әсер етеді. Мәселен, қаңтардан бастап көпбалалы отбасылар үшін жәрдемақы мөлшері: төрт балаға – 63 030 теңге (16,03 АЕК), бес балаға – 78 797 теңге (20,04 АЕК), алты балаға – 94 564 теңге (24,05 АЕК), жеті балаға – 110 332 теңге (28,06 АЕК), сегіз және көп бала үшін 125 824 теңге төленеді. «Алтын алқалы» аналар 29 097 теңге (7,4 АЕК), «Күміс алқа» үшін 25 165 теңге (6,4 АЕК) алады. Бала туған кездегі біржолғы жәрдемақыға келетін болсақ, енді бірінші, екінші және үшінші сәбилерге төлем 149 416 теңгені (38 АЕК), ал, төртінші және одан кейінгі балаларға – 247 716 теңгені (63 АЕК) құрайды. Босанғанға дейін жұмыс істеген аналар сәбиі бір жарым жасқа келгенше өздерінің соңғы екі жылдағы орташа табысының 40%-ын алып отырады. Мысалы, егер ол 200 000 теңге болса, онда жәрдемақы 80 000 теңгеге тең болады. Ал егер анасы жұмыс істемесе, онда бірінші балаға мемлекет 22 648 теңге (5,76 АЕК), екіншісіне – 26 777 теңге (6,81 АЕК), үшіншісіне – 30 866 теңге (7,85 АЕК), төртіншісіне және одан кейінгі балаларға – 34 995 теңге (8,9 АЕК) төлейтін болады.

Аймақ бойынша 50 мыңға жуық адамның мүгедектігіне және асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері ұлғайды.

### Орташа жылдамдық есептеледі

Жол жүру ережелеріне де қатысты өзгеріс бар. Жылдамдық тәртібін сағатына 60 шақырымға және одан артық асырғаны үшін 40 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған. Ал, осы құқықбұзушылық бір жылдың ішінде қайталанса, ай-



Сурет шыққан дереккөзінен алынды

ыппұлдың мөлшері 60 АЕК болады. Қазір республикалық маңызы бар жолдарда белгіленген жылдамдық сағатына 140 шақырымды құрайды.

Енді мопедтер ғана емес, қозғалтқыш көлемі 50 текше сантиметрден аспайтын немесе электр қозғалтқышы бар және оның ең жоғарғы конструкторлық жылдамдығы сағатына 50 шақырымнан аспайтын барлық көлік құралы тіркеуге жатады. Мемлекеттік нөмір беріледі. Мопедті басқару үшін «А1» кіші санатындағы жүргізуші куәлігін алу қажет. «А» және «В» санаттары болса да, мопедті басқару құқығын растау міндеті бар. 2025 жылы 4 сәуірден бастап барлық мопедтің нөмірі, ал несіне «А1» кіші санатындағы жүргізуші куәлігі болуы шарт. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Яндекс.Такси» мен Indriver өз платформаларында рөлі оң жақтағы көліктерді алып тастауы тиіс.

### «Келешек» жобасы басталады

Жаңа жылдан бастап «Келешек» ерікті жинақтау бағдарламасы іске қосылады. Ол арқылы балалардың оқуына ақша жинауға мүмкіндік бар. Бала 5 жасқа келгенде мемлекеттен бірреттік бастапқы капитал – 60 АЕК (2025 жылы 230 920 теңге) түседі, ал, ата-ана ай сайын 1-3 АЕК мөлшерінде міндетті сәлем жасауы тиіс. Одан бөлек, мемлекеттің 7%-ға дейінгі сыйақысы және банктердің сыйақысы бар. Бала грантка түскен жағдайда қаражат отбасының басқаруына беріледі.

### Несие алу қиындай ма?

1 қаңтардан бастап онлайн несие алу үшін биометриялық верификациядан өту міндеті енгізіледі. Ал, қарыз алу туралы келісімшартқа электронды-цифрлық қолтаңба қою қажет. Онсыз онлайн несие берілмейді. Бұған дейін жеке тұлғаларға жұбайының келісімінсіз несие беруге тыйым салынған болатын. Бұдан бөлек, әрбір қазақстандық «Электрондық үкіметтің» веб-порталында және «Gov Mobile» мобильді қосымшасында өз атына несие рәсімдеуге тыйым сала алады.

### Салық көлемі артады

2025 жылы салық заңнамасына енгізілген өзгерістер күшіне енеді. Атап айтқанда, жұмыс берушілер мен жұмысшылардың есебінен төленетін салықтардың мөлшері артады. Әлеуметтік аударымдар – 5% (2024 жылы 3,5% болған), әлеуметтік салық – 11% (2024 жылы 9,5 болған) мөлшерінде болады. Сонымен қатар, жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы аударымдары – 2,5% (2024 жылы 1,5%), жұмысшылардың міндетті зейнетақы аударымдары – 10,5% (2024 жылы 10% болған). Осы ретте 2025 жылдан бастап Қазақстанда көпбалалы отбасылардың табысын салықтан босатуға мүмкіндік беретін жаңа салық жеңілдіктері күшіне енгенін атап өту керек. Жаңа енгізілген салық шегерімдері жылына 282 АЕК-ке (1 108 824 теңге) дейін салық шегерімі беріледі. Бұл жеңілдіктер ата-аналардың екеуіне де бірдей қолданылады. Бір ата-ана үшін ай сайын 23 АЕК (90 436 теңге), екі ата-ана

үшін ай сайын әрқайсысына 12 АЕК (47 184 теңге) мөлшерінде жеңілдік беріледі. Бұл жеңілдіктер төрт немесе одан да көп көмелетке толмаған балалары бар отбасыларға арналған.

### Шәкіртақы өседі

2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап бакалавр студенттері 52 372 теңге алады. Әзірге олар 47 135 теңге алып жүр. Педагогикалық және медициналық бағыттағы студенттер үшін төлемдер 75 600 теңгеден 84 000 теңгеге дейін өседі. Интернатта оқитындар бұрынғы 85 376 теңгенің орнына 94 863 теңге ала бастайды. Магистранттар үшін шәкіртақы сомасы 107 061 теңгеден 117 098 теңгеге дейін ұлғаяды, ал, Назарбаев университетінің магистранттары 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап 218 750 теңге (бұрын – 200 000 теңге) алатын болады. «Денсаулық сақтау» бағытындағы резидент-дәрігерлер мен магистранттардың шәкіртақысы 134 664 теңгеге дейін көтеріледі (бұрын 123 122 теңге болған). Докторанттар 240 000 теңгенің орнына 262 500 теңге ала бастайды. Колледж студенттерінің стипендиялары өзгеріссіз қалады. Жалпы, 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджетте студенттер үшін стипендияларды 15-20% - ға арттыру жоспарланған.

### Айыппұлдар қаншаға артады?

Айлық есептік көрсеткіштің өсуімен бірге, айыппұлдардың мөлшері де артып отыратыны заңдылық. Бұрыннан қолданыстағы әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін айыппұл

өсті. Бір айдан астам уақыт бойы тіркеусіз және жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен жүргендер 7 АЕК (27 524 теңге), ал, мекенжайда нақты тұрмайтын адамдарды тіркеген жеке тұлғаларға 10 АЕК (39 320 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады. Заң бойынша сағат 22:00-ден 9:00-ге дейін тыныштықты бұзуға болмайды. Тұрғын үй ғимараттары мен тұрғын үй құрылысы аумақтарында орналасқан ойын-сауық орындарына жұмыс күндері сағат 22:00-ден таңғы 9:00-ге дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23:00-ден таңғы 10:00-ге дейін шұғыл тыйым салынады. Тәртіп бұзған жеке тұлғаларға – 19 660 теңге (5 АЕК), бір жыл ішінде қайталанса, 39 320 теңге (10 АЕК) айыппұл салынады. Ал кәсіпкерлерге салынатын айыппұл сомасы – 20-дан 150 АЕК-ке дейін (78 640 – 589 800 теңге).

Көшеде, қоғамдық орындарда, соның ішінде подъезде ішімдік ішкен немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келген адамға 5 АЕК (19 660 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады. 18 жасқа толмаған адам болса, оның ата-анасы дәл осындай мөлшерде айыппұл төлейді. Сонымен қатар, көмелетке толмағандар заңды өкілдерінің 22:00-ден 6:00-ге дейін ойын-сауық мекемелерінде болса олардың ата-анасына 3 АЕК (11 796 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады. Ал, 18 жасқа толмаған бала 23:00-ден 6:00-ге дейін үйден тыс жерде жүрсе, заңды өкілдеріне ескерту жасалады. Көмелеттік жасқа толмағандарды кіргізген ойын-сауық мекемесінің иелеріне де 10-нан 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде (39 320 және 393 200 теңге) айыппұл көзделгенін де білген дұрыс.

Қоқысты терезеден лақтыру, соның ішінде темекі тұқылын лақтыру, баспалдаққа немесе аулаға, балалар алаңына коқыс пакеттерін тастап кету, саябақтарды, скверлерді лақтау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау секілді бұзушылық жасаған адамдарға 5 АЕК (19 660 теңге) айыппұл салынады. Бір жыл ішінде қайталанса, 10 АЕК (39 320 теңге). Сондай-ақ, баспалдақ аумағына ескі жиһаз, қораптар мен басқа да әртүрлі заттарды қою өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу деп есептеледі. Жеке тұлғаларға алдымен ескерту жасалып, содан кейін 5 АЕК (19 660 теңге) айыппұл салынады. Бір жыл ішінде қайталанса, 39 320 теңге (10 АЕК) айыппұл көзделген.

Балағаттау мен қоғамдық орындарда түкіргені үшін айып-

пұл өседі. Қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға зәбірлеп тиісу және айналасындағыларға құрметпен қарамауды білдіретін, қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер – 20 АЕК мөлшерінде (78 649 теңге) айыппұл салуға не бестен 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Ал, қоғамдық орында түкіргені үшін, сондай-ақ, белгіленбеген жерлерде коқыс тастағаны үшін құқық бұзған адамға бірінші рет 5 АЕК, яғни 19 660 теңге айыппұл салынады. Азамат осы әрекетін қайталамаса, онда 10 АЕК (39 320 теңге) көлемінде айыппұл төлейді.

Тыйым салынған орындарда темекі шеккені үшін азаматтарға 58 980 теңге (15 АЕК) айыппұл салынады. Қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікте жолақыны төлемегендерге 7 864 теңге (2 АЕК) айыппұл салынады. Осыны мөлшерде жаяу кесіп өтуге рұқсат етілмеген жолды кесіп өткен адамға да айыппұл салынады.

Пәтер мен үй-жай ішіндегі қабырғаларды рұқсат беретін құжаттарсыз бұзғаны үшін жеке тұлғаларға 30 АЕК (117 960 теңге) көлемінде айыппұл салынады. Егер қайта жоспарлау үйдің беріктігі мен орнақтылығының толық жойылуына (қирауына) әкеп соқса, 314 560 теңге (80 АЕК) төлеуге тура келеді.

### Бұдан басқа

Есірткі жасырғаны үшін сотталған мыңнан астам адам мерзімінен бұрын бостандыққа шығуға өтініш бере алады. Себебі жаңадан қабылданған заңда есірткі жасырушылардың жазасы жеңілдетілді. Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сәйкес, 1000-нан астам сотталған адамның мерзімінен бұрын бостандыққа шығуға құқығы бар. Бірақ әрбір адамның ісі жеке қаралады. Республика бойынша есірткі қылмыстары бойынша 4 мыңға жуық адам сотталды. Олардың ішінде 1 200-ден астамы есірткі жасырғаны үшін түрмеге қамалды.

2025 жылдың 1 тамызы мен 20 қазаны аралығында ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Санақты жүргізген кезде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру арнайы құрылған комиссияға жүктеледі. Қазақстанда ұлттық ауыл шаруашылығы санағы бір рет 2006-2007 жылдары өткізілген болатын.

• ЖАЗУШЫ, АУДАРМАШЫ МАРАЛ ХАСЕННИҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ

# Маралдың мәңгілік мұрасы

Аудармашылық – кәсіп емес, шығармашылық еңбек. Аудармашының ақын, немесе, жазушы болуы шарт емес, дегенмен, осы екі салада азды-көпті тәжірибесі болса, нұр үстіне нұр. Жүрегі ашық, ғажайыпты қабылдап үйренген адам ғана өзге елдің психологиясына үйіліп, өзге тілдің қыр-сырын танып біле алады. Осындай ор тұлға, ұлтымыздың рухын биіктетіп, аударма саласының дамуына үлес қосқан аудармашы-публицист Марал Хасен жайында ой қозғамсыз.

Марал Хасен туралы бірі білсе, бірі біле бермейді. Марал Хасен, 1945 жылы 4 қаңтарда Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданындағы № 4 Атасу ауылында қолжызылар отбасында дүниеге келген. 1961 жылы Жаңаарқа ауданының орталығындағы №1 қазақ орта мектебін «Алтын медальмен» тамамдаған. Мектеп қабырғасында жүрген кезінің өзінде ол «Қазақстан пионері» мен «Білім және еңбек» басылымдарымен қарым-қатынаста болып, мақала, аударма, кроссвордтар жіберіп тұрған. Әдебиет әлеміне ерте араласып, соның нәтижесі ретінде 1965 жылы «Ара» («Шмель») журналы ұйымдастырған конкурста озып келіп, атақты Оспанхан Әубәкіровпен үзегі қағысып, бірінші орынды бөліскен. Журналистік еңбек жолын 1963 жылғы 8 ақпанда Жаңаарқа аудандық газетіне корректор болып бастап, түрлі сатылардан өткен соң, 19 жасында коммунистік партияның қатарына өтіп, партияның номенклатурасындағы газеттің жауапты хатшылық лауазымына тағайындалған. 1973 жылы Жезқазған облысы ашылғанға дейін екі тілде шығатын аудандық екі газеттің жауапты хатшысы ретінде барлық жүгін көтерумен, газеттің мақетін жасау бойынша өткізіліп тұратын жарыстардың алдыңғы орында жүргенде, облыстық газетке жауапты хатшының орынбасарлығына шақырылды. Одан 1974 жылы Ақадыр ауданы құрылғанда, онда да екі тілдегі аудандық екі газетті ашу жүктелді. Сол жерде табан аудармай 14 жыл редактор болып, жана ауданның іргесін қалау үшін райкомның бюро мүшелігімен қатар бірнеше қоғамдық жұмыстарды қоса атқарды. 1989 жылы Қарағанды қаласындағы «Орталық Қазақстан» газетіне орналасты. Алғашқыда Нұра ауданы бойынша меншікті тілшіліктен бастап, облыстық партия комитетінің баспасөз секторының менеджерілігіне дейін көтерілді. Партия тараған кезде мәслихаттың маманы болып, кейін қайтадан газетке оралды. «Орталық Қазақстан» газетінің саяси шолушысы, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары қызметтерін де атқарды. Одақ тарамай тұрған 1981 жылдан бері

КСРО Журналистер одағының мүшесі болған, кейін Қазақстан Журналистер одағының мүшесі болып 2011 жылы қайта тіркелді.

Марал журналистиканың барлық жанрына қалам тербегендіктен 2009 жылы жас журналистерге көмегі болса деген ниетпен публицистика, очерк, сатира, фельетон, саяси тақырып және т.б. жанрлардан үлгі ретіндегі бірді-екілі материалдарының басын қосып «Жүрек қанын сия қылған...» деген жазбаларын кітап етіп өз қаражатына шығарып, көпшілікке тегін таратып жіберді. Кейінгі кезде көркем аудармамен айналысып, «Азия Транзит» әдеби альманағымен, Астана қаласындағы «Фоллиант» баспасының тапсырысы бойынша «Классикалық хикаяттар» сериясымен шыққан төрт кітаптың аудармашысы болып, әрі әдеби-көркем және публицистикалық «Әлем әдебиеті» мен «Литературный Казахстан» журналдарымен, «Аудар-



шықты. Ол кітапқа I том деген белгі соғып, қазір ұзын саны 114-ке жеткен лауреаттарды осы айдармен қазақ оқырмандарына ұсына бермекші болған. II томға арнап Светлана Алексиевичтің «У войны не женское лицо» деген кітабы аударылып тұр. Оның бір парасын «Жас Алаш» басып шығарды. Кейінгі кезде жеке тапсырыстармен кітап құрастыру, редакциялап, баспаға дайындап беру, аударма жасау жұмыстарымен айналысты. Марал атамыз еңбек жолын алғаш Жаңаарқа, Ақадыр өңірлеріндегі мерзімдік баспасөзде қызмет етуден бастап, кейін аударма са-

шетелдік жауһар шығармалармен таныстыру болған деген ой тұжырымдайсыз. Көзі тірісінде он алты Нобель сыйлығы иегерлерінің туындыларын қазақ тіліне тәржімалаған. Сонымен қатар, атамыздың кітаптары халықаралық кітап алмасу жүйесімен әлемнің 36 еліне ашылған Қазақстанның мәдени орталықтарына да жіберілген. Марал атамыз екі тілге бірдей болған-дәйткен, бірнеше қазақ жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударған. Ондағы мақсаты – орыс оқырмандарына қазақ әдебиетін мойындатқысы келгендігі.

Марал Хасен журналистика саласында еңбек етуді таңдап алады да, тынбай еңбектенеді. Ерінбей іздену, өзіндік оқу мен басқадан үйрену арқылы білімін шыңдай түсті. Қазақ тілді мектепті бітірсе де, екі тілге бірдей болды. «Ақадыр таңы», «Ағадырская новь» газеттерінің редакторы болды. Бұл керемет өнеге. Ол басқарған газеттер Ақадыр ауданының жақсысын жарқыратты, жамандығының тамырларына балта шапты. «Орталық Қазақстан» газетінің есігінен аттаудан бастап, орынбасарлық төріне шықты. Әрине, еңбеккерлікпен, ізденіштігімен сенімді ақтады. Бұл жетістіктердің, бұл беделдің тұғыры еңбеккерлік, творчестволық ізденістер болды. Журналистің творчествосының құндылығы – тақырып таңдауда, табуда, сол тақырып бойынша сөз саптауында, ойдың тереңдігінде, тілдің шеберлігінде. Бұл тұрғыда да Марал Хасен тоғтан оза шапты.

Тақырып таңдау демекші, Марал Хасенұлы «Тәуелсіздік үшін күрес», «Тіл туралы», «БАҚ туралы», «Әлем әдебиетінен», «Ресей басылымдарынан», т.б. тақырыптарда қазақша аударып, жариялаған дүниелерінің ұлттық, қоғамдық, мемлекеттік, саяси, экономикалық, әлеуметтік маңыздылығын алмайтын пенделер үшін орасан зор екендігін баса-баса атап өткім келеді.

Тақырып таңдау демекші, Марал Хасенұлы «Тәуелсіздік үшін күрес», «Тіл туралы», «БАҚ туралы», «Әлем әдебиетінен», «Ресей басылымдарынан», т.б. тақырыптарда қазақша аударып, жариялаған дүниелерінің ұлттық, қоғамдық, мемлекеттік, саяси, экономикалық, әлеуметтік маңыздылығын қазақ тілді оқырмандар мен орыс БАҚ-тарын жаздырып алмайтын пенделер үшін орасан зор екендігін баса-баса атап өткім келеді.

ма» баспасымен шығармашылық байланыста болды. М.Хасеннің авторлығымен 2009 ж. «Жүрек қанын сия қылған...», 2011 ж. «Аудармалар», 2012 ж. «Сынын бермес сырлы сөз», 2014 ж. «Мазасыз күндер» кітаптары шыққан. Оның бер жағында тек бір-екі жерде ғана құрастырушылар ретінде көрінгенімен аты-жөні келтірілмей-ақ, Жайық аға Бектұровтың, Ебіной Бөкетовтің, Мәлік Имашевтің қолжазбаларын баспаға дайындап беріп отырды. Ресей криминалисі, Ресей ҒА-ның бас ғылыми қызметкері А.В. Наумовтың «Қылмыстық құқық» ғылыми монографиясының аудармасын редакциялап, басылып шығуына атсалысты. Осылардың ішінде шоқтығы биік он төрт Нобель сыйлығы лауреаттарының шығармалары енген «Ұрышқатпайн ірген сөз мәйегін...» деген жинағы 2015 жылы

ласына бет бұрған. Ол кісі еліне, жеріне еңбегі сіңген, ойы терең, тілі бай журналист, публицист, эзл-сықақтың майталманы. Өзінің тілін құрметтеп, өзгенің тілін шешме менгеріп, қазақтың көркем сөзін басқаларға таныта білген аудармашы болғаны мәлім. Бірақ, атамыздың шығармашылық жолы эзл-сықақ әңгімелерден басталғанын айтқанымыз жөн. 1966 жылы республикалық «Ара» журналы ұйымдастырған бөйгеде «Қисса әл қазагия» шығармасы белгілі жазушы, сатира майталманы Оспанхан Әубәкіровтың туындысын қатар келіп, жүздені екеуі бөліскен екен. Сонда О.Әубәкіров ағасы ауыз-екі қалжыңдарына тәнті болып, ақ бағасын берген екен. Марал атамыздың еңбектерін саралай келе, аударма саласындағы негізгі мақсаты – қазақ оқырмандарының әлемдік деңгейде танылған

мен орыс БАҚ-тарын жаздырып алмайтын пенделер үшін орасан зор екендігін баса-баса атап өткім келеді.

Көркем әдебиет аудармасы жөніндегі практиканы дұрыс ұғынып, байыптау үшін тәржімашы Марал Хасеннің жұмысындағы сәтті табыстар мен сәтсіздіктер, жаңсақтығын, дұрыс бағалай білуіміз қажет.

Марал Хасен өзінің аударма ісінде аударманың барлық түрін қолданған. Әсіресе еркін және сөзбе-сөз аудару принципін берік ұстанған. Бұған Ирвинг Стоунның «Грек қазыналары» романының тәржімалануын орыс тіліндегі нұсқасымен салыстыра талдау барысында көз жеткіздік.

Шығарма қай тілге аударылса да, аудармашылардың басты міндеті – түпнұсқаның қасиетін сақтай білу, сөйлемнің мазмұнын бұзбай, автордың стилін сақтап, өте түсінікті әдеби тілмен көркемдетіп, аударылуы тиіс. Осы айтылған толғамдар «Греческое сокровище» романының қазақшасында айқын көрінеді.

Марал Хасеннің публицистикалық қаламын бір сәтте сұтыпағанын ойша сезем де, оның кейінгі жылдары әдебиеттің аударма саласына ден қойып, ара-тұра төл шығармаларын да қаузып бастағанын хабарсыз екенмін. Алланың пейілі түсіп, арқандаулы тұрған арда арғымақ кесіле сілтер көркемдік жолына түсті. Әдебиеттің аударма саласы өткенді былай қойғанда, бүгінгі өзінде кемеліне келіп, шаршысына толды деп айта алмаймыз. Аударма да тұралап қалған сын жанрының күйін кешуде. Содан да болар, әлем әдебиетінің құнды қазыналарымен қазақ оқырмандарын таныстыру, қазақ қаламгерлерінің қабырғалы туындыларын жаһан жұртшылығына жеткізу, әлі де болса көкейкесті мәселе болып отыр. Осындай жақсы аудармашы қат тұтса, соны пайдаланған әлдебіреулердің оны нантарап кәсіпке айналдыра бастаған кезде екі бірдей тілді еркін тайпалтқан жорға Маралдың төсектен төбе көрсетуі қандай ганибет?

Қазақ болмысында үлкенді сыйлау, кішіге құрметпен қарау, ұстазды ұлық тұту ежелден бар. Марал Хасен шығармаларының қатары ұстанары нық, үйретері көп ұстаздары тұрғы сыр шертеді. Марал Хасенұлының «Кітап қалай дүниеге келеді» дегенге айтарым: «Үсті басымды қағып қарасам, есеп беру ретінде керек екен. Журналшының жазғаны көп, бірақ оқырманға ұнайды ма жоқ па. Жастарға үлгі болсын дедім. Жас

журналистерге себі тисін дедім. Сан түрлі жанрдағы дүниелер бар», – деп жауап береді.

Қаламгердің аудармашылық қарым-қабілетін «Әлем әдебиеті» журналы пайдаланды. Марал Хасен басылымның авторы болып, бірталай аудармалары осы журналда басылды. Ағаның көркемдігі кез келген жазушыдан кем түспейтін төл прозалық туындылары да бар. Сөйткен қаламгерді Қазақстан Жазушылар одағы мүшелігіне де қабылдамады. 2012 жылы сәйкес ұсынысты Теміртау қаласында тұратын ақын Қасым Ботанов, кепілдемені Думан Рамазан жазды. Алайда нәтиже шықпады. Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалы қайда қарап отырғаны белгісіз, одан кейін қаламгер төрт жыл өмір сүрсе де, одақ мүшесі деген куәлікке қол жеткізе алмады.

Бірақ оған бола мойынған қаламгер жоқ, жазуын жазып, аудармасын жасап отыра берді. Нобель сыйлығының кейінгі жылдардағы лауреаттары қазақ тіліне аударылмады деп қазір аузымызды қу шөппен сүртіп отырмыз. Ал, Марал Хасен 2015 жылы бұл сыйлықты алған Светлана Алексиевичтің «Соғыстың сұрқы әйелге жат» кітабын тәржімалап шықты. «Жанына жабысқан дерті батып отырса да, күнде аудармаға отыратын» дейді мұрасына не болып отырған жары Рымбала Смайылова.

Көзі тірісінде қаламгер «Нобель сыйлығының лауреаттары» айдарымен екінші кітап шығаруды армандады. Алайда, оған құмыры жетпеді. Алайдың айтуынша, қазір материал жеткілікті. Соны бастаудан шығарып, Астанада өткізілуі дөстүрге айналған «Eurasian Book Fair-2017» атты Еуразиялық халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде тұсауын кессе, құба-құл болар еді. Біздіңше, 500 данамен ғана шыққан бірінші кітабының да екінші қайтара басылғаны артық емес. Бұл іс енді Рымбала апайға, бала-шағасына, қаламдас іні-қарындастарына аманат. Ақын Абзал Бөкен айтпақшы, сонда «Қаламының ұшынан тамған сия қаламгердің қадамын әрі қарай жалғай берер».

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, Марал Хасеннің тәржімалық тәжірибесі қазақ аударма көпірінің берік кірпіші. Болашақта біз осындай тәржімашылардың еңбегін бұдан да тереңірек зерттеуіміз керек.

**Толғанай СЕЙТЖАНОВА,**  
**«№14 мектеп-гимназиясы»**  
**КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

# Есімде қалған өшпес із

Марал ағамыз Сайдалы-Олжа руының ішінде ауыз толтырып мақтанаш тұтатын азаматтарымыздың бірі болды. Жас кезімде үйге ағайындардың үлкендері жиналған кезде ол кісі туралы түрлі мақтау айтып, тілге тиек етіп отырғандарын талай естідім. Әрбір рудын адамдары өздерінен шыққан жақсыларын алға тартып отыратын әдегі емес пе? Неге олай болғанын білмедім, сол Олжа бабамыздан тараған ағайындар Жаңаарқаның РТС (ремонтно-тракторная станция) деген жерінде шоғырланып бір аумақта тұрды. Атасу кентінің батыс жағы. Бір-бірімен көрші-қолаң, қоралас болды. Солан болар, бір-бірінің жиі қонаққа шақырып, ұйымшылдық танытамын. Әлемі кештерді бірге өткізетін. Кейін елдімекеннің тұсымен Ертіс каналы салынып, басшылары осы жерде болғандықтан «Ертіс-Каналстрой» деп атап кетті. Менің балалық шағым осы «РТС» деген жерде өтті.

Маркен ағамыз «Жаңаарқа», «Новая степь» газеттері редакциясында қызмет етті. Ол уақытта мен Н.Крупская атындағы мектептің оқушысымын. Ағамыздың жұбайы Рымбала Кенжебайқызы маған физика, химия пәндерінен сабақ берді. Жетеміздің шәкірті болдым.

Ағамыз 1973 жылдан бастап жаңадан құрылған ауданның «Ақадыр таңы», «Ағадырская новь» газеттерінің бас редакторы болып тағайындалды. Сонымен бір ауданның тұрғындары болып кеттік. Мен «Көктіңкөлі» кеңшарында (совхозында) комсомол секретары болып қызмет еттім. Жұмыс бабымен ауыл жастары туралы жиі мақала жазып тұрамын. Орыс тілінде. Мақалаларым ешбір кедергісіз газет бетінде жарияланып жүрді. Сол кезде ағамыз «сенің қаламыңның қарымы бар, тоқтамай жазса бер» деп кеңес беретін. Осы сөздері маған ерекше шабыт беріп жүрді.

Редакция басшылары жыл сайын аудан орталығы Ақадыр кентінде 5 мамыр – Баспасөз қыз-

меткерлері күніне орай салтанатты жиналыс ұйымдастыратын. Соңы дәстүр бойынша спорт түрі жеңіл атлетикадан кросс жарысы жалғасын тауып жататын. Мерекеге орай штаттан тыс тілшілерге марапаттау рәсімі болғанда, мен де түрлі грамота мен бағалы сыйлықтарын алып жүрдім. Бір жағынан ағамыздың бір бүйрегі бұрып жүрді ме, әйтеуір ол кісінің уақытында газеттің жылда үлкен жанашыры атанып, марапаттан тыс қалып көрмеппін.

Сол кездері аудандық газеттегі Айтқын Жексенбаев, Төрехан Майба, Елена Теткина, Шыныбек Смағұлов, Ізбасар Қабырханов, ақиық ақын Свет Оразаев, Амандық Рахұлы, тағы басқалар қызмет атқарды.

1981 жылы мен Ақадыр аудандық комсомол комитетінің аппаратына ауысып келдім. Бас кезінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып, кейін екінші хатшы болып сайландым. Сол уақытта қызмет бабымен редакциямен көп араластым. Аға-жеңгеміздің үйінде де жиі болып

жүрдім. Ол үйдегі анамыз Әлкен апа үйлеріне шақырып алатын. Қашан барсаң да, үй-іші толы қонақ. Ол кісінің айналасында мез-мейрам болып кешті көңілді өткізетінбіз.

Әлкен анамыз – жас шағында Жаңаарқа өңірінің ауыл әйелдері қозғалысының белсенді мүшесі болған, «ауылнай» болып ел басқарған адам. Қарағанды облысының атынан қазақ әйелдерінің республикалық съезіне делегат болып қатысқан. Жүріс-тұрысы ширақ, қимылы шапшаң, сөзге шешен кісі болды. Ұлын – Марал ағамызды ерекше жақсы көретін. Стол басында отырғанның өзінде баласын аналық мейіріммен баурап, оны мақтаудан жалықпаушы еді. Анасы мен баласына қызға қарап отыратынбыз. Осындай анадан тәрбие алған бала қайдан жаман болады?! Әлкен Оспанова анамыздың құрметіне Жаңаарқа ауданы орталығының бір көшесіне есімі берілген.

Аудандық партия комитетінде қызмет істеп жүргенімде, Марал ағамыз бюро мүшесі болды.



Бюро отырысы жиі болып тұрды. Ауданның жоғарғы органы болып саналатын отырыстарда ол кісі өзінің тың ұсыныс-пікірлерін, ойларын білдіріп отыратын. Жалпы ол кісі басқарған аудандық газет елдімекендерде болып жатқан жаңа өзгерістерін, еңбек табыстарын, жетістіктерін көрсетіп, елдің мұң-мұқтажын, тұрмыс-тіршілігін баспасөз беттерінде батыл жариялап отыратын. Аудан көлемінде орын алған кемшіліктер де газет бетінде жарияланып, сыни мақалалар да журналистердің көзімен сипатталып, фельетондар, сықақ очерктер мен әңгімелер жиі шығып тұрды. Ағамыздың өзі де шығармаларын оқырмандарына көптеп ұсынып отырды.

ісін жалғастырып, оқырмандарға ағамыз аяқтай алмай кеткен жаңа аудармаларын ұсынуға. Мұны білетінім, әредик ағамыздың аударма еңбектері авторлық сыйлығы ретінде менің қолыма да тиіп отырды.

Марал – Маркен ағамыз көзі тірісінде Ақадырдан кетсе де, жеңгемізбен бірге жиі ауылға келіп жүрді. Өйткені, бұл жақта ол кісілердің тұла бойы тұнғышы, қыздары Тоғжан Маралқызы тұрады. Бір кездері Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің директоры қызметін абыроймен атқарды.

Кентімізге бір келгенде, тура Жаңа жылда, яғни 1 қаңтар күні біздің үйге келді. Қастарында күйеу балалары Қайырберлі бар. Аға-жеңгемді қуана қарсы алдым. Көптен көрмегем, інілік сағнышым да бар. Үйден дәм татып, әңгіме айтып көңілді, жақсы отырдық. Әсіресе, ағамыз шат-шадыман көңілде болды. Асқа бата бергенінде көзінен жас ыршып түскенін байқап қалдым. Шын көңілімен, ағалық ниетімен батасын берді. Бұл кездесуде ол кісіні соңғы рет көруім екен...

Міне, рулас ағайыным, рухани замандасым болған Марал Хасеннің тулғасы менің есімде осы күнінде қалыпты. Өзінің жарқын өмірімен менің санамда өшпес із қалдырды.

**Калижан БЕККОЖА,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# Жаһанның ер мінезді, тау тұлғалы Жақаны өтті жалғаннан...

## Қандай еді Мұхамедиярдың Жақаны!

Бұрынғы Қу (Егіндібұлақ) ауданының Айрық ауылында 1948 жылдың тамызында дүниеге келген, қайратты ғұмыры Едірей кешіарының жылқы шаруашылығын өркендетуге арналған **Жақан Мұхамедиярұлы ТЕРГЕУБЕКТЕПІ** 2024 жылдың 7 желтоқсаны күні 76 жасында Астана қаласындағы шаңырағында қайтыс болып, өз өсиеті бойынша Едірейдегі әулеттік қабірханана жерленді.

Арғын Қарақесекте Шаншар бабамыздың Келдібегінен тұатын Қаздауысты Қазыбек би ұлдарының кенжесі Сырымбеттен тарайтын, аттын тұлпарын мініп, тазы ертіп, құс салған, Тәттімбет атасының күші шертіп, Бәшүлі Мәдімен айырылмас дос-жар болған өз заманының сал-серісі Тергеубектің Мұхамедиярның 1932 жылғы ашар-шылықта дүниеге келген Ыбырайдың соң Рай, Тоқатай кенже ұл Жақан және Балқия, Айман атты қыздары дүниеге келеді. Сарыарқада еркін өскен бұл ұландар бойында Тергеубек бабаларына тән төрт тұлқаның төресі – жылқыға әуестік бар-дағы, Алдияр нәсілді аналары Зибәгүлден, яғни нағашы жұрттан ер тұлға мен сұлу сымбат, алғыр сана мен сөзге мәрттік дарыған деседі. Табиғатпен сырғалы өскен осынау «оқымаған академиктер» бойындағы ата дестүрге адалдық, Абай абыз армандап өткен жалғандық-жалтақтықтан ада, шындықты күркіретіп бетке айтатын тікмінезділік әсіресе Жақанның бойында мол еді.

Ал оның «атымтай-жомарттығы» 1990 жылы қазақтың дауыл-паз ақыны Қасым Ақмолжановтың 80 жылдығын Қарқаралыда кенінен мерекеленгімізді көзімен көрдім: республикаға жар салынған тойға ақынның жары Сақылжамал, қыздары Жанна мен Дәриға, құдасы (Жаннаның атасы) Сырбай Мәуленов, жан досы Ғафу Қайырбеков бастаған небір ақындар мен жазушылар, филолог ғалымдар қатысып, ғылыми конференция өтіп, соңынан жұртшылық ән мен жырға, қазақтың ұлттық ойындарына бір келенді. Аламан бәйгеді Егіндібұлақтың аймаңдай өкілі Жақан Мұхамедияр жаратқан тұлпар үздік келіп, бас жүддені шабаңдз балаға еншілеген Жақан тойдың күрметті мейманы Сақылжамал бәйбішеге иіліп сәлем берді де, үстіне кілем жабылған сойғүлдігі өз атынан тартулады.

Бұл – кеңестік заманда мененаттық салтты жаңғыртқан Жақанның көптеген қылығының бірі ғана еді, тек сонысы үшін ол марапатқа бөленбек түгілі, қашан зейнеткерлік жасына жеткенше жергілікті партия-көпес органдары тарапынан тергеу-тексеруге ұшырап бақты, «Жақсанның соңынан сөз ереді» дегендей, өрттегі қаулаған қауесеттің есебі жоғы өз алдына... Қиындығы көп, қызығы да соншалық қайран өмір жолында Оның бір де бір рет азаматтық жолдан қыс басқан, өзіне тапсырылған қоғам байлығына бір тын залал келтірген кезі болмапты: тәуелсіздігімізге отыз жыл өтсе де, әлі күнге тусырап жатқан қазақ даласына Жақанның алдындағы қоғам малы да, отбасы ырзығының аттын қазығы – өз малы да сыйып жататын. Қырық жылдай жылқышылықта Оның үйірлерінен бір де бір бас шығып болмаған, бір де бір тұлқиті дала жыртықшына тартпаған, үйірлерді өз төлінен көбейту жоспары да Семей ядролық сынақ полигонына жапарлас жатқан Алыбай қыстауындағы бас жылқышы Мұхамедиярдың «күз биенден – жүз құлын» алатындығымен қамтамасыз етіліп жатты.

...Ауыл мектебінде оқуы бастаған Жақанды әкесі Мұхамедияр ресейлік комсомолды-тыңгерлер көтерген «Комсомол» кешарында орыс кластары ашылғанын естісемен, өзі өмір-бақи «Қара сөздерін» құрандай қабалдайтын абыз Абайдың «...орыстың тілі – дүниенің кілті, баланды қарыса оқуға бей» нақалын ұстанған бойы, «Комсомол» мектебіне берді. Зерек ұлан оқудағы, спорттағы, көркемөнердегі жетістігімен мектеп жылдығы атынып жүріп, сондағы оқу үзгі, мінезін сымбаты сай Розалия Қанапқызымен достығы жарасады. Мұның соңы жігіттің сұлтаны Жақан мен қыздың керімі Розаның өмірдің астық-суығын мәңгі бірге өткеру атына ұласып, ауылы Жақанның мына дүние-жалғанда Жаратқан өлшеп берген 76 жыл ғұмыры 2024 жылдың 7 желтоқсаны күні Астанадағы жекежайында бақи-өлемге аттанғанына, міне, аттай 40 күн толып отыр, ардақты жамағат!

Сонымен, 1960-шы жылдың соңында көмелеттік аттестат алған Жақан облысымыздағы Мичурин совхоз-техникумына түсіп, агрономиялық білімге байлаған кезінде міндетті әскери қызметке шақырылады. «Қиындық қайдасын?!» деп ізденіп жүретін Жақан Мұхамедияр сөзге келместен оқуды жинап қойып, әскерге кетеді, екі жыл служба екі күндегі өте шыққанда, әскердегі үлгілі қызметі үшін кіші әскери шенге не болып елге оралған Жақан, өзін қарсы алған он тоғыз жасар Роза-бәйбішкенді құшқан бойы үйлену тойға да жасап жібереді. Содан жылқышы Едірейде жылқышы қолы жетпей жатқанын естіп, жас жұбайымен Сарыарқаның Семеймен шектесетін тұсындағы Алыбай қыстауында бас жылқышылық жолын бастайды. Ерекше малак азамат даланың жазы-қысы маз бәрмейтін бөрісіне малын талатқызбас үшін өзі әскери қызмет өткен Ресейден қасқарға төтеп беретін алабай-тазы тұқымнан әжеледі, жылқы зауытынан асыл тұқымды азбан жеткізіп, селекциялық тәсілмен бәйге-торсылар өсіреді. Бұл кез – 1949 жылдан жер астында сынылып, 50 жылдардан бастап жер үстіне ашық сыныла бастаған Семей ядролық полигонының манайдағы халық денсаулығы-

на зияндылығы білініп, ел арасында жас балалардың «саққан» сырқатына шалдығуы көбейген кезең еді. Әскер жылдарынан саяси сауаты мол бас жылқышы жүрегіне тастай батқан осы запыранды арқапал, бір күні полигонға рұқсат алып кіріп, әскери генералдың қабылдауындағы бір сағатта елдің денсаулығы мен күнжөрісі жөйін мағлұмдайды, сөзі тайға таңба басқандай Мұхамедияр Жақан есімді қарапайым жылқышы жігіттің әр сөзінен экологияға, әлеумет денсаулыққа қатысты шырылдаған патриоттық сезімді қапысыз аңғарған әскери басы оның «...неге ядролық сынақты біздің жерде өткізесіңдер?» деген сауалына «Ресей мен Қазақстан басшыларының келісімі болған да, біз сол келісіммен осындағы аса қатерлі службадамыз, денсаулығымызды күнделікті дәрігер тексеріп, жеміс-көкөністі молынан пайдаланып-сақтанамыз» деген уәжді жайып салады. Сол күннен бастап әскерилердің құс қанаты талатын иен далада үкімет малын қысы-жазы бағатын Ер қазаққа деген құрмет-сенімі артады. Сөйтіп КСРО картасында белгіленбеген Қурчатов жабық қаласына жеткізіліп тұратын алуан жеміс пен көкөністі Жақанның көрегініше сатып алып тұруына мүмкіндік туғызады. Бірде жылқысының бір үйірі бораңда ығып кеткенінде, полигонның өз адамына айналып кеткен Жақанға генералдың өзі аңғарда қаңтарылған әскери вертолетпен қоғам малын іздеп-табуға септеседі.

Сол күннен бастап бас жылқышы автокөлігіне Қурчатов қаласының дүкенінен небір жеміс пен көкөністі тиіп алып, Едірейдің қыстауларындағы отбасыларына апта сайан тартып отыруды салтқа айналдырады. «Жақсылыққа – жақсылық» жасауды білетін Жақан әскерилерді қазақ халқының ауру-сырқауға қарсы қолданатын асыл тағамы – жылқының қазы-қартасы, жал-жақсымен, сауамал-қымызымен сыйлайды, ұлттық тағамнан дәм тағтыру үстінде екі шекті домбырада орыс әуендерін, поляк сазгері Гринскийдің «Полонезін» айна-қатесіз шертіп беріп, дала жұртының музыкалық дарынына жөне тәнті етеді.

Әлімсақтан Тергеубек әулетінен туған таутұлғалы ұрпақтың өр мінезі мен өнерпаздығы олардың соңынан аңыз мен шындығы аралас небір қауесетке арқау еді (атбегілік өнерімен күллі республикаға атағы шыққан Тергеубек Боран, мәселен, ұлттық спорттың аламан бөйбесіне қосқан тұлпарларымен ғана 40-қа тарта «басқұддәлі» автомобильге не болған болса, бытыр – 66 жасында ол «Арлар» спортшылар сайысында» күрестен «Әлем чемпионы» атағын жеңіп алды), аудан басшыларының құлағына «Мұхамедиярдың жылқысын вертолетпен бағатын көрінеді, онымен қоймай, полигонның түбінде қоғам малын өсіріп жатқан отбасыларының денсаулығына ядролық сынақтан келетін зардапты аупартқоны мен ауатқом неге дәрігерлік тексерістен анықтатпайды, неге малың отбасыларына жұғымды азық-түлік пен көкөніс жеткізілмейді?» деп сынайтын көрінеді» дегендей сыбыс жетіп жатады. Содан «партия мен үкімет саясатына қарсы шыққандығы үшін бұл Мұхамедиярдың жазалап, қолына кісен салып тұрып түрмеге жабу керек» деген бірінші хатшының айбатымен қыстаққа жеткен милиция қызметшілерін өз жұмысына адал, малының басы дін-аман бас жылқышы Жақан олардың басынан асыра мылтық атып «шығарып салады». Бұл қылқықа бұрынғыдан бетер ашуланған бірінші хатшының «Мұхамедиярдың менің алдыма алып келіңдер!» деген пәрменін орындаушылардан мазасы кетіп, көңілі қарайған бас жылқышы кезекті келгендерді балғандай қолымен ұрып жығып, бастарын күтсек қарға бір-бір бойлапты, бастарынан асыра оқ атып, шошытып, әлгілердің автокөліктеріне әзер жетіп, келген жолымен тайып тұруына қол жеткізді.

Бұл – сексенінші жылдар еді, аудандық газет тілшілері Жақандай малшылар енебегін мақтап жазудан шаршамаймыз, бірде газетімізде редакторымыз Сауғабайевтың бас жылқышы Жақан Мұхамедиярдың туралы «Алыбайдың алыбы» атты очеркі шықпасты бар ма!.. Ертеніне бірінші хатшы мен ауатқом төрағасы бөрімізді өздеріне шақырып алып, газетке неңдей мәселені жазуға болмайтынын ежіктеті келе, «өткен дәуірдің аңшылығын, күбегілігін, атбегілігін дәріптеу неге керек? Жаңылауға болмайтын Семей сынақ полигоны туралы жабық тақырыпты неге қозғайсыңдар?..» дегенді қатты ескертті, ал ертеніне ақындығынан басқа түгі де жоқ Сауғабайевты райкомның шешімімен редакторлық қызметтен алды да тастады. Мен көп ұзамай Қарқаралының аудандық газетіне редакторлыққа жіберілдім, ал сонда ойымнан «Бұл Жақанға негізнен аупартқомның әлі келмеді!» деген сауал шықпай қойды (негізінде, біздің Алай руының қызы Раяны сырымбеттік Рай Мұхамедияр алып отырғандықтан, Рай бізге жезде де, Жақан екеуіміз «құда бала-құдана қыз» хақымен тілектесіңіз ғой). Сөйтсек, үрім-бұтағымен парасатты Тергеубек-атаның Еліпхан есімді жұрағатынан туған Моңғуза апамыздың күйеуі Мәсіғүт Исееков (1908-1980) Егіндібұлақ ауданының прокуроры екен де, кенжесі Бейсембайдан туған жаралы ұл Сүният Тергеубек (1937-2013) Қарағанды облысқонына қалып «Еңбекпен түзеу мекемелері басқармасының» полковник шенді басышы екен. Өз ісіне ықтияты бас жылқышымызды абақтыға жабуға әкелген күннің өзінде, жоғарыда аталған зангерлер тарапынан аудан басшысына: «Алдындағы қоғам малы дін-аман бұл Мұхамедиярдың не үшін



абақтыға отырғызбақсыз? Ал оның балалы-шағалы Едірей отбасыларына өз көлігімен жеміс-көкөніс тасыптаратуы қайырымдылық ісін қылмыстың қай статьясына жатқызамыз?!» дегендей ықтимал сауалдың болатынын ескергендінен екен де, «Таз ашуын тырнанан алыпты» дегеннің керімен, көкірегің көрнеген ашу-ызасын редакторды жұмысынан босатып барып тарқатқан екен-ау!..

Қаздауысты Қазыбек би жұртшылығы ғана емес, қалың Арқа жұртшылығы құрметтеген, зейнеткерлікке шығысымен келімі-кетіміді мейманы көп отбасына лайық жекежай тұрғызып Жақанмен оның атбегілік, күбегілік, құмай-тазы ертүшілік тәлімі туралы Әлтайев Аманжол, Тито Сыздықов, тарышкер Тоқтар-батыр сынды қайраткерлердің пікірлесіп тұрғаны да азамат бейнесіне сәуле төгетін жайттер болса керек.

Осынау «Еске алу» текстіне тіркелген бір үйір жылқының фотосы туралы Жақанның асыл мейімі оның өсиеті бойынша Едірейдегі ата қорымына апарысқан қарындасы Айман айтқан мына кереметпен аяқтаймын: «Едірейге ертерек жету үшін Баянауыл-Жосалы жақпен жо-сылтып келе жатқанымызда, мәйіт салынған көлік керуенімен қатарласа, Айрыққа жетер тұстағы тау аңғарынан күтсек қарды бүркірәтә бір үйір жылқы шыға келді де, мәйіт бар алғашқы мәшинеге жақындай бере кісінесіп, жолдың сол қапталымен әлгі көлікке ілесті де отырды. Мына керемет көріністі алдығылар бейнежазбалап алыпты: айтыр бастаған әлгі үйір сол қатарласа шұбырған бойы біздің автокөруен Едірей тауына іліккенге дейін жарты сағат бойы қатарласа ерді де отырды...»

Назина ҚОЖАҚЫЗЫ

«Жақанның жергес інісі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Арман ҚАНИ көзі тіреседе, жезаған мына өлеңін **Жақанның СӨЗІ деп жазбаймын, жазмаған...**

## «Мен енді аттанайын...»

Мын рахмет өткен күнге төсіңдегі!

Амалсыз тұрмын қайта көсілгелі.

Иіскемей өткен болсам тұламыннан,

Балауса қызғалдақтар, кешір мені.

Кетермін жан сырымды сөзсіз ашып,

Көргем жөк көк тасыңды көзің басып.

Бұраң бел, күміс үнді, қыз бұлақтар,

Ежелден мен сендерге ессіз ғашық.

Мәңгілік мәндік болып қалғаныңдар,

Жүрек боп жүрегіме жалғасыңдар!

Өзімнен бірге өктемес көрсе ме едің,

Арман тау, Ақ махаббат, занғар шыңдар?!

Қайтпей, тұз қозғалмас бұл ғаламда,

Туған жер қолың бұлғап тұр маған да.

Сағынсам көкше бұлттан сәлем айтам,

Көк нөсер көктемде жырлағанда!

Жанарды жауаңдатпай мөлдірескен

Сыздатпай жүректерді елжірескен,

Мен енді аттанайын, қолтасып қал,

Едірей, айналайын, ренжіместен.

## Бақұл бол, аңыз аға!

Аты аңызға айналған, тау тұлғалы атакты жылқышы Мұхамедиярұлы Жақан ағамыз келместің кемесіне мініп кетті деген хабар жетті.

Жақан аға жылқышы ғана емес, атбегі, күбегі болатын. Едірей тауының Алыбай қыстағында 40 жыл бойы үкіметтің жылқысын баққан ерен еңбеккер еді. Жылқы баптап, жүйріктерін бәйгеге қосқан. Қазақтың аңшылық, саятшылық, атбегілік ата дәстүрін берік ұстанған. Қорасының тазы кетпеген, қолынан бүркіт түспеген. Осындай оның бейнесі. Аламан жарыста бәйгеге қосқан аттарының тұмсығы үнемі мөреге бірінші болып ілігетін. Өнші еді ол, әні мен сөні келіскен заманның серісі болатын. Астындағы атын түсіп берген Атымтай жомарт сол еді. 1990 жылдардың басында, елімізді даярды жайлаған қиын кезеңде «Ата-жұртыма орадлым!» деп Моңғолиядан көшіп келген қандастарға кемінде 70 жылқы ерулік берген Жақан еді ғой.

Полигонның бүкіл сынағы оның көз алдында өткен екен. Зейнет жасына жеткен кейінгі жылдары елорданың жанындағы Күйгенжар елдімекенінде тұрды. Өзі 1948 жылы дүниеге келген болса, 1949 жылдан бастап полигонда жарылыс бола бастады. Жақан аға бір жасқа келгенде бірінші сынақ басталған болса, содан бері 500 рет жерасты және жерүсті ашық сынақтарының жарылысын бастан кешті. Картада жоқ Қурчатов қаласында емін-еркін жүріп, әскери басшылармен тамыр болды.

Жақан аға бір әңгімесінде: «Полигонға 14 шақырым жерде мен жылқы бақтым. Полигонның бүкіл сынағы көз алдымда өтті.



Жұлдыз ТОЙБЕК

### • ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## Білімнің негізгі құндылығы – адал сессия

Білім беру саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, студенттер мен оқытушылардың этикалық құндылықтарын арттыру мәселелеріне үнемі көңіл бөлінеді. Жалпы, «Таза сессия» акциясы студенттер мен оқытушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыруға, адалдыққа тәрбиелеуге бағытталған.

«Таза сессия» акциясы аясында шаралардың негізгі тақырыбы – білім берудегі адалдық пен академиялық адалдықты ілгерілету және насихаттау. Осы орайда студенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімнің қалыптасуына дестүрге айналған «Таза сессия» акциясы ықпал етеді. Ол профессорлық-оқытушылық құрам мен білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымын, академиялық адалдық қағидаларын жетілдіру мақсатында сессияаралық кезеңде өткізіледі.

«Таза сессия» акциясының мақсаты – емтихандардың ашықтығын

қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, сондай-ақ, білім беру процесінің негізгі құндылығы ретінде студенттер мен оқытушылар арасында академиялық адалдықты кеңінен насихаттау. Емтихан сессиясы әрбір студенттің өміріндегі ең жауапты кезең. Біздің ортақ міндетіміз – сессияны адал әрі объективті өткізу.

Университет 2023 жылы Академиялық адалдық лигасының болды. Академиялық адалдық оқу және университет процесінде қоғамдастығының әр мүшесінің

мінез-құлқын анықтайтын моральдық-адамгершілік құндылықтарының жиынтығы. Оның ішінде жазбаша жұмыстарды орындау кезінде оларды бағалау, плагиатты болдырмау, академиялық стандарттарды ұстану, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарда, сондай-ақ, білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынастарында адалдық пен принциптілікті сақтау. Плагиат, алдау, қайталау, бұрмалау, жасыру, сөз байласу сияқты теріс қылықтар академиялық жосықсыздық деп танылады. Оқу жүйесінде ең көп таралған бұзушылық – алдау. Емтихан сессиясы барысында академиялық адалдық қағидалары бұзылса, оларды бақылауды жоғары оқу орнының академиялық қызметтері мен басқа да құрылымдық болімшелері арқылы Қоғам Басқармасы жүзеге

асырады. Ішкі нормативтік құжаттарды студенттер де, оқытушылар да, білім беру процесінің барлық қатысушылары да білуі және қатаң сақтауы керек.

Академиялық адалдық – білім беру процесінің негізгі құндылығы. Университеттің академиялық саясаты білім беру қызметтері сапасының жоғары стандарттарын сақтауға, рухани құндылықтарды сақтауға, білімді тартуға, үздік білім беру практикасы мен зерттеу бағдарламалары негізінде кадрлар даярлау үшін инновациялық тәсілдерді енгізуге бағытталғанын атап өту маңызды.

Кері байланыс тәртібімен университет студенттері академиялық адалдықтың бұзылғандығы туралы сенім телефоны, «жедел желі» арқылы хабарлап, Басқарма Төрағасы – Ректордың, проректорлардың

және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызмет басшысының блогына жүгінуге, сондай-ақ, университетте әрекет ететін (+7 7212) 908-514 телефоны бойынша колл-орталыққа түсініктеме алу үшін хабарласа алады.

Қазіргі уақытта студенттік Парламенттің бастамасы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметпен өзара іс-қимыл жасай отырып, студенттер арасында жасырын сауалнама жүргізілуде.

Сонымен қатар, «Таза сессия» акциясы барысында студенттерге академиялық адалдық ережелерін бұзу, білім беру қызметтерін ұсыну сапасына қанағаттану және емтихандарды қабылдау фактілерін анықтау үшін анонимді сауалнама ұйымдастырылады.

Университетте проректор және антиплагиат бақылау жүйесі өзін

## Кездесем деп жүруші ем...

Апыр-ай, жапа тағдырлы жан еді Жақан Мұхамедиярұлы! Нағыз қазақтың ұлттық киносына өмірбаяны келісті сценарий болатын жан еді! Тергеубек-атадан өрген текті ұрпақтардың әрқайсы бір-бір романға сюжет боларлық өмірбаян иелері ғой.

Кездескенде екі сөзінің бірі Мәди еді. Анау жылы бір взондап, «Егіндібұлаққа барайық, Мәдидің жүрген жерлерін көрсетейін, ел біле бермейтін бірер әңгімені өзін айтып берейін» деген еді шын көңілінен. Өттең, түсірілім басталып кеткен киноны тастап шыға алмай қалып едім... 2008 жылы Жақанның 60 жылдық мерейтойын басқарып берген кезден бастап, тонның ішкі бауындай рухани туыстасып, жанымдай жақын тартып кеткен едім. Сонда біраз әңгімелесіп едік. «Жалғасы болды әңгімемізді» деп жүргенімде, хабар алдым емес пе... Ғұмыры жылқымен өткен нағыз даланың қазағы еді. Иманды болсын, армандай болып жүргенімде бейнесі қалған жақсы жан.

Ерлан ТӨЛЕУТАЙ

## Нағыз қазақ сен едің!

...Қап-қара хабар келді таң-азаннан: Өткен екен өмірден ауылымыз Жақан-жан... Өлімге кімем жас еді, Кім қашқан бірақ қазадан?!. Даласындай қазақтың Кеңтейіл, жомарт жан еді.

Жүрегі толы махаббат, Сәбидей көңілі таза еді!.. Арқырап желдей есіпті, Жарқарып достар жыныпты. Таратса малын жарлығы, Жан-жары сөзсіз кешіпті. Айман, Шолпан жаңдарым, Қос қарлығаш-қарындас, Иманды болсын жан-Ағаң, Қырық күн жасың тыйылмас... Азаматтың барлығы Жақандай болса ел төзбас, Нағыз қазақ мінезі Жақандай болса жалғанда, Токшылық орнап елімде, «жөкшылық» деген төрге озбас!..

Арқалық-Айрықтағы амадастары

## Хош енді, хош, жақсы қазағым!

Иманды болсын Жақандай жақсы ағам! Саясаттан сая таппай, жүрегіңді бұйрығымен ғұмыр кешкен Сары Даланың сарытөз бөрісі еді. Таудай тұлғасымен, Арқаның жұпар ауасымен еркін тыныстап, жылқыларды шұрқырасқан балбұлақты жайлаудай көңілімен иен-далада жасын заман тауырына баладай сеніп, әдемі өмір кешті. Тұлпарының жалын құшып, құйғыта шабулы жаны қалайтын Жақан ағам бөрімізге Едірейдің құз жартасындай қорған еді!..

Қош бол, қос газырдың куәсіндей жалындап дәурен кешкен, пікірін ашық айта алатын, елдің бәрі емін-еркін сайрандап өмір кешетін тәуелсіз заманды жақындатысқан Жақсы Қазағым!

Рамазан СӨТТІБАЕВ

## Менің де нағашым еді Жақан

Жан-ағамыздың иманы саламат болсын!

Жақан ағаға қандай теңеу айтса да жарасымды еді. Едірейдің еркесі, Сал Серісі болды. Бүкіл Едірейдің тауларын Жақан аға алып тұлғасымен күзетіп тұратындай көрінуші еді... Жақан аға – менің де нағашым. Кешеден бері онуа балалық шағымнан бастап, Жақан ағаның жүрген жүрісі, бүкіл қылықтары көз алдыма келіп, менің де көңілім қатты босады. Өрине ешкім мәңгілік емес... Жақан ағаның соңында қалған ұрпақтарына, Роза жеңгемізге, ұйыған айрандай ұйымшыл туыстарына Жаратқан ғұмыр берсін! Қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын!

Бақыт АБДРАСИЛОВА Алматы қаласы №7

• АЗА-ЖЫР

# Қош бол, Мұхтар аға!

Үйің мен Арғын,  
Керей,  
Адай ұлы –  
Ғас Сақтай Халық болды қалай ірі!  
Көшіртіп дінді арабақ Көк Тәңірден,  
Адами жолға салдық анайыны.  
Жүргенде ат үстінде көзге ілмеп ем  
Жабысып жерде жүрген жабайыны.  
Қазақтан қай жұрт осы аруақты,  
Түркіден басқа ел осы қалай ұлы?!  
Мағжан – Бекзат жұртым, маңқылдап кеп,  
Басына қалай шықты малай ұлы?!  
Жатырда жанталасып жатыр білем,  
Тонькөк, Тоқтардайын талай ірі.  
...Алтыауыз, алтыбақан – ағайыны,  
Кеудесін керінеген Абай үні.  
Аузынан Бөкейханов Әлиханнның  
Бүгін кеп түскендейін бар айыбы, –

Алланың бетін елге бұрамын деп,  
Алаштың боздап отыр Мағауині!  
– Мен! – дейді – Алаш ұлы!  
Адам ұлы!  
Мейірім жоқ адамда, Алла, ая мұны.  
Бүгінгі көзге қораш көрінген соң,  
Аңыз ғып айтады ылғи баяғыны.  
Осынау алты Алашқа аян үні, –  
Өзі – ұлы,  
Өзінен де Абайы – ұлы,  
Жыр болған жылқышыға, қойшыға сөз,  
Қазақтың, қайран, Мұхтар Мағауині!  
Алаштың адамзатта азалы өңі,  
Сонысымен асқақ ол, ғажап еді!  
Абай, Мағжан, Әлихан әр жағында,  
Мағауинің бар еді бер жағында,  
Тәңіріңе тәуба де, Қазақ Елі!  
**Серік АКСҰҢҚАРУЛЫ**



• ШЕРТОЛҒАУ

# Ол қазағының жүрегіне жерленеді

Мұхтар Мағауин!  
Ұлы Абайдың рухын бойына сіңіріп, Мұхана (Әуезов) мұрагер, Лиясқа (Есенберлин) ізбасар, бұрын Бұқар жыраудан басталады деп келген ұлт әдебиетін ары қарай үш ғасырға жылжитқан Алаш әдебиетінің Алтын қаламы қаңтарылды.  
Жазуы тоқтады. Қаламының да, тағдырының да жазуы...  
Мұхтар ағаның біздің «Орталыққа» деген ықыласы ерекше болатын. Суреткердің қазақ басылымдарының арасында Қарағандың облыстық газетіне деген бұл ілтипатына негіз болған бірнеше себеп бар. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарында әдеби орта әлі мойындай қоймаған болашақ ұлы жазушының «Тазының өлімі» атты повесіне жаңарқалық қаламгер Асан Жұмаділдин талдау жасап, ол пікірі ең алғаш «Орталықта» жарияланған екен. Одан кейін Мұханың «Орталыққа» деген кіршіксіз құрметінің жаңғыруына Арқа баспасөзінің қара нары, белгілі публицист Мағаш ағаның (Сембай) дәнекер болғанын жақсы білеміз. Мағаш аға өзінің ұстазы Нұрмахан Оразбековтің «Шыңғыс хан әлемді қылышымен жауласа, Мағауин қаламмен жаулайды» деген сөзін жиі айтушы еді.  
Батыл жазып, өткір айтатын ұстанымы үшін «Мінезді газет» атанған «Орталық Қа-


зақстан» газеті – Мұхтар Мағауиннің әйгілі «Шыңғыс хан» романын кітап болып басылмай тұрғанда-ақ әр санына үзінді жариялап, оқырманды үздіктіріп қойған жалғыз басылым. Сол «Шыңғыс хан» үшін газет «қара тізімге» ілініп, Мағаш аға редакторлықпен қош айтқанда жазбаған кезі де болған. Сондай-ақ, Мұхтар ағаның біздің қоғамда үлкен резонанс тудырған қазақтан шыққан тұңғыш математик, Алаш көсемі Әлімхан Ермеков туралы жазбасы қазақ басылымдарының ішінде «Орталықта» ғана жарияланды.  
Өзінің біздің басылымға, жалпы Арқадағы әдеби ортаға деген ерекше ыстық ықыласын рухани бауыры Мағауия Сембайға берген «Ғасырлар тоғысындағы құбылыс» атты сұхбатында: «Орталық Қазақстан» газетінде «Шыңғыс ханнан» үзінділер, басқа да шығармаларым кітап болып басылмай жатып, жарияланып келеді. Өзі туралы да қалам сілтеп қоясындар. Рухани тамырларың құнарлы топырақтан нәр алып отыр ғой. Өңіге бармай-ақ, Алаш арыстарының Арқа төсінде өмірге келіп, қазақ үшін өмірлерін сарп еткенін айтсаң, жетіп жатыр емес пе?! Сол арыстар салған сара жолдан адаспай бүгінге жеткен әдеби, рухани, мәдени орталырыңа разымын», – деп тәптіштейді.  
Одан кейін жазушының 75 жылдық ме-

рейтойында «Қазақ әдебиеті» газетіне берілген топтамалардың арасынан жерлесіміз, белгілі әдебиеттанушы, профессор Жансая Жарылғаповтың пікірін ерекше бағалап кетті. «Биылғы менің мерейтойыма арналған «Қазақ әдебиетіндегі» мақалалардың ішінен Жансая Жарылғапов деген жастың пікірі бәрінен оқшау көрінді. Осы аяқ алысынан-ақ, мықты әдебиеттанушының екінің байқалды» деген байыпты бағасы Қарағандың әдеби ортасын бір сілкітіп тастап еді-ау...  
Бүгін мұхиттың арғы жағынан жеткен суық хабарды естіп, есенгіреп отырмыз. Тек қазақ әдебиетінің ғана емес, тұтас Түркі әлемінің төріне жайғасып, бас ұстап, баға беретін абызы көшіп барады. Миллиондаған қазақ бір-біріне көңіл айтып жатыр. Мұхтар аға енді «Орталыққа» хат жолдамайды... Қандай өкінішті!  
Әлеуметтік желі күңіреніп тұр. Бірі барша қазаққа көңіл айтып жатса, енді бірі «Туған жерден топырақ бұйырар ма екен?» деп алаңдайды. Алаңдамайды! Ол қазағының жүрегіне жерленеді!  
Бақұл болыңыз, Баршатаста туып, бар әлемге қазақ әдебиетінің қасиетін танытқан Алаштың Алтын қаламы!  
**Ерсін МҰСАБЕК**

• ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

# Үздіктер марапатталды

Қарқаралының Ш.Жандарбекова атындағы Мәдениет үйінде 2024 жылды қорытындылаған «Жыл үздігі» дәстүрлі шарасы өтті. Салтанатты жиында есепті мерзім ішінде әр сала бойынша үздік табыстарға қол жеткізген мамандарға аудан әкімінің сыйақысы табыстатты.



Мерекелік жиынға арнайы шақырылғандар мен қызықтап келген қауым алдында сөз сөйлеген аудан әкімі Әділжан Арғынов өңір халқына жыл бойы ұйымшылдықпен атқарған қажырлы еңбектері үшін алғысын білдіріп, «Жыл адамы» және «Үздік мемлекеттік қызметші» аталымына ие болған үздіктерге тиісті марапаттарын тапсырды.  
Әсем әнмен әдіптеліп, көркем бимен көмкерілген мерекелі шарада әр аталым бойынша Қарқаралы өңірінің үздігі деп танылған жерлестеріміз сахна төріне көтеріліп, жұртшылық пен аудан башылығының құрмет-қошеметіне бөленді.  
«Спорд саласының үздігі» – Аян Құрманбай, ауданның балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің қазақ күресі бойынша жаттықтырушысы;  
«Құдық қорғау саласының үздігі» – Бауыржан Даулетбаев, Қарқаралы ауданы полиция бөлімінің экстремизмге қарсы іс-қимыл тобының аға жедел уәкілі, полиция майоры;  
«Коммуналдық саланың үздігі» – Манар Мақсұтов, «Қарқаралы Су» мекемесінің слесары және Ұлан Мақышев, «Асыл» жеке кәсіпкерлігінің басшысы;  
«Мемлекеттік қызмет саласының үздігі» – Рүстембек



Әр салада үздік шыққандарға марапаттарды медицина саласының ардагері Серік Жекеев, білім саласының ардагері Мұхит Адамов, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Сайлау Әлиұлы, аудандық мәслихаттың төрағасы Саят Оспанов, ардагерлердің аудандық кеңесінің төрағасы Ойрат Жүкібаев, спорт саласының ардагері Бүркіт Бейсенбаев, полиция саласының ардагері Әлиаскар Әбеуов және кәсіпкер, меценат Болат Ахманов табыс етті.  
Сонымен, биылғы еңбектері үшін «Жыл үздігі» атанған, жүзден – жүйірік, мынанан – түшпәр шыққан кадрлілеріміз мыналар:  
«Денсаулық саласының үздігі» – Талғат Жақсыбаев, Қарқаралы аудандық ауруханасының анестезиолог-реаниматологі;  
«Білім беру саласының үздігі» – Айдын Әшірбеков, Бесоба ауылындағы №8 тірек мектебінің тарих пәні мұғалімі;  
«Мәдениет саласының үздігі» – Ләйла Іргебаева, «Салтанат» ән-би ансамблінің балетмейстері;  
«Өнеркәсіп саласының үздігі» – Айбек Кенжетаяв, «Алтай Полиметаллы» ЖШС Өндірістік цехінің жұмыскері;  
«Ауылшаруашылық саласының үздігі» – Өмірзақ Қапсаттаров, «Асар» шаруа қожалығы, «Балқантау» цехінің басшысы;  
«Әлеуметтік саланың үздігі» – Дидар Жүнісов, «Қарқаралы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

# Әлеуметтік көмек әлеуетті көтереді

Қазіргі таңда Шет ауданы әлеуметтік мәселенің шешімін табуда мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асырудың нәтижесінде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылдың өзінде республикалық бюджеттен 5231 зейнеткерге, 1734 мүгедектігі бар адамға, 1988 көпбалалы отбасыға, 386 асыраушысынан айырылған отбасы санатындағыларға зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге 10 миллиард теңгеден астам төлемдер жасалған. Жыл сайын атаулы әлеуметтік көмек алушылар санының төмендеуі байқалады. 2023 жылы 96 отбасы болса, жалпы сомасы 41,5 миллион теңгеге 342 адам атаулы әлеуметтік көмек алған. Бұл туралы Шет ауданы әкімінің міндетін атқарушы Орал Стыбаев мәлімдеді.  
– Мысалы, бытыр жұмыспен қамтудың белсенді шараларының арқасында атаулы әлеуметтік көмек алушылар ішінен 23 адамды жұмысқа орналастыруға мүм-

кіндік туды. Есептік кезеңде 527 мүгедектігі бар адам оналту қызметтерімен және құралдарымен жалпы сомасы 129 миллион теңге көлемінде қамтамасыз етілді. Оның ішінде, «Инватакси» қызметін 13 адам пайдаланды.  
Айта кету керек, тыл ардагерлеріне, интернационалист жауынгерлерге және Ұлы Отан соғысына қатысушыларының жесірлеріне – барлығы 56 ардагерге біржолғы материалдық көмектер көрсетілді. Бұл мақсатқа бюджеттен 8 миллион теңге қарастырылды. Ауданда жұмыссыздық деңгейі 3%-ға дейін төмендеді. Бұған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу кешенін іске асыру шаралары ықпал етті. Мәселен, 2024 жылы 1 788 адам жұмыспен қамтылса, оның ішінде, 800-ден астамы – жаңа жұмыс орындары. Айта кету қажет, «Алмалы-2» кен орыны 500 адам жаңадан жұмысқа қабылданды, –



деді Орал Стыбаев.  
Орал Зөмірбекұлының айтуынша, биыл 1 қаңтардан бастап инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес мемлекеттік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы төлемдерінің барлық түрінің мөлшері 6,5%-ға ұлғайтып отыр. Осылайша, зейнетақының ең төменгі мөлшері – төменгі күнкөріс деңгейінен 65%-дан 70%-ға дейін жетіп, бұл 32 360 теңгені құрап отыр. Ал, ең жоғары мөлшері – төменгі күнкөріс деңгейінен 105-тен 110%-ға дейін өсіп, бұл 50 851 теңгені құрамақшы. Шет ауданында әлеуметтік төлемдер бойынша барлық міндеттемелер уақытылы және толық көлемде орындалатынын жеткізді.  
*Сурет Шет ауданы әкімдігінен*



Президент тапсырмасын орындай отырып...

## Қарағанды облысы Теміртау қаласында «Gas Inpex» ЖШС-ның сұйылтқан газды топтық резервуарлық қондырғыдан тұтынушыны қосатын кранға дейін газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметіне өтінімі бойынша жария тыңдау өтеді

Жария тыңдаулар 2025 жыл 17 қаңтарында: – сағат 11:00-де, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Тәуелсіздік бульвары 9, 4 қабат мекенжайы бойынша, сондай-ақ, онлайн Facebook (https://www.facebook.com/dkrem.krg) әлеуметтік желісі арқылы, сұйылтқан газды топтық резервуарлық қондырғыдан тұтынушыны қосатын кранға дейін газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметтеріне тариф және тарифтік сметасының жобасын қарау бойынша.  
Жария тыңдауларға қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, табиғи монополиялар субъектілері шақырылады.  
«Gas Inpex» ЖШС байланыс телефоны: 8 (747) 435 73 16.

## В городе Теміртау Карагандинской области пройдет публичные слушания по заявке ТОО «Gas Inpex» на услуги транспортировки сжиженного газа по газопроводам от групповой резервуарной установки до крана на вводе потребителя

Публичные слушания состоятся 17 января 2025 года: – в 11:00 часов, по адресу: Карагандинская область, город Теміртау, бульвар Независимости 9, 4 этаж, а также в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (https://www.facebook.com / dkrem.krg), по рассмотрению проекта тарифа и тарифной сметы на услуги транспортировки сжиженного газа по газопроводам от групповой резервуарной установки до крана на вводе потребителя;  
На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.  
Контактный телефон ТОО «Gas Inpex»: 8 (747) 435 73 16

**Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР**

ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІКТЕР ҮШІН • ЖЕҢІЛ ЖҮК КӨЛІКТЕРІ ҮШІН • ТРАКТОРЛАР ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАЛАРЫ ҮШІН • АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР ҮШІН •

**XBR IUNK**

Қарағанды қ. қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1  
8 707 80 35 800 @shynservice

# Құстар қамқорлықсыз қалмайды



Қарағанды қаласында 5600 гектар орманды алқап бар десек, оған 21 орман инспекторы жауапты. Инспекторлар дала жануарларын сақтау мақсатында түрлі жұмыстар атқаруда. Құстарға ұя орнатады. Жануарларға шөп салады. Бұл жолы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану басқармасының орманшылары «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Кирзовод зауыты ауданындағы 31 айналымның 23 теліміне жемсауыттар орнатты. Оған №37 негізгі орта мектептің оқушылары да жұмылдырылды.



Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Орман инспекторлары жемсауыттар мен құс ұяларын өздері қолдан жасайтын көрінеді. Әр маусым сайын өздеріне тиесілі орман алқаптарына орнатып, дәнді-дақылдар шашады.

– Орман инспекторлары өздеріне тиесілі аумаққа кемі үш немесе төрт құс ұясы мен жемсауыт орнатады. Белағаш, Қайыңды тоғайға үнемі дала жануарларына арнап шөп саламыз. Біздің өңірді қоян, түлкі, елік, бұлан және басқа да аң мен құс мекендейді. Қызметкерлеріміз аңдарға аптасына екі мәрте шөп шашып, жарма, бидай, тары және басқа да дәнді-дақылдар себеді. Осы жолы жемсауыттарды мектеп оқушыларымен бірлесіп орнаттық, – деді облыстық орман шаруашылығының бас орманшысы Дулат Жұмабек.

Жауапты мамандардың басты міндеті – орман қауіпсіздігі. Дегенмен, құстарды қоректендіру барысында қауіпсіздік ережелерін де естен шығармаған жөн.

– Қыста құстар біздің көмегімізге мұқтаж. Өйткені, қар қалың түскенде, аяз көтерілгенде олар өздігінен тамақ тауып жей алмайды. Сондықтан, біз мүмкінді-

гінше жемсауыттар мен құс ұяларын барынша көп орнатуға тырысамыз. Алайда, құстарды қоректендіру кезінде белгілі бір ережелерді сақтау қажет. Құстарға тұзды немесе қуырылған, бұрышталған тағамдар шашуға тыйым салынған. Тәтті тоқаштар мен жаңа піскен нан, қара нан тастауға болмайды, – деді облыстық орман және жануарлар әлемін қорғау шаруашылығының аңшысы Александр Москаленко.

Мектеп оқушысы Матвей Федоров «Құстарды қалай дұрыс қоректендіру керектігін енді түсіндім» дейді.

– Құстар – біздің досымыз. Біздің өңірде қыстап қалатын құстардың саны жетерлік. Осы мақсатта ұстаздарымызбен бірге құстарға қамқорлық жасауға келдік. Яғни, сыныптастарымызмен бірге ағаш басына жемсауыт орнаттық. Қандай да бір іс-шара болса, сыныбымызбен атсалысып тұрамыз. Бұған дейін де құстарға ұя орнатқан едік. Бұл жолы жемсауыттар ілдік. Орман инспекторлары құстарды қалай дұрыс қоректендіру керектігін айтып берді. Бұл да бір мен үшін сабақ болды, – деді.

Суретті түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

## Қайда апарасың, GPT?

Неден қауіптенсек, содан онық жейтіңге ұқсаймыз. «Чат GPT жас буынның жадына, ойлау қабілетіне, интеллектісіне кері әсерін тигізіп жатыр». Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Магеррам Магеррамов бытыр Мәжілісте осылай деп дабыл қақты. Қаламгерлер қауымы да біраз дүрлікте. Жазудың мехнатын тартпай, бір батырманы басып-ақ шығарма авторы атанғандар қатары көбейіп келеді дейді.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Магеррам Магеррамовтың ойынша, жас буынның ойлау қабілеті кеміп, қиял көкжиегі тарылып келеді. Депутат білім саласына осы мәселеге қатысты бір шешім қабылдауды ұсынып отыр. Себебі, алдағы он жылда шұғыл шешім қабылдай алмайтын, ойлау қабілеті төмен ұрпақ өсіп шығуы мүмкін деп отыр.

– Қазір балалар чат GPT арқылы романдар мен түрлі әдеби шығармалардың қысқаша мазмұнын оқымай-ақ біле алады. Шығармалар мен эсселерді де оп-оңай көшіреді. Бұл – қауіпті құбылыс. Тапсырманы жасанды интеллект арқылы орындап келсе, мұғалім аңғармай да қалады. Әдебиет пәні – адамның гуманизмін қалыптастыратыны белгілі. Осы пән арқылы бастауыш сынып оқушыларының санасына парасат пен пайымның іргетасын қалауға болады. Анаға, Отанға деген махаббатты үйретеміз. Бұдан бөлек, математикадағы түрлі деңгейдегі теңдеулер мен есептерді де бір батырманы басу арқылы шешеді. Өкінішке қарай, қазіргі балалар чат GPT-дің құдіретіне сеніп алған. Яғни, ойлау қабілеттері төмендеп бара жатыр деуге негіз бар. Бұлай жалғаса берсе, Қазақстанның интеллектуалдық потенциалы жоғалтып алуымыз мүмкін. Бұл процесс – ұзақ уақытқа қосылған қуатты бомба секілді, – деді Магеррам Магеррамов.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ұстазы Шыңғыс Зипатолланың айтуынша, бүгінгі таңда студенттер қауымы дәл осы чат GPT-ді өте белсенді пайдаланады. Тапсырма ретінде берілген белгілі тақырыптағы шығарманы жасанды интеллект арқылы орындау – тиімді екен.

– Қазір студенттер чат GPT-дің мүмкіндіктерін толық игерген. Әлбетте, бұл бір жағынан қарағанда жақсы. Студенттер жана технологияларды игергені абзал. Бірақ, әр нәрсенің өз шегі бар. Мұғалімнің, жалпы, білім беру жүйесінің



Коллаж жасаған Ш.Адамбеков

мақсаты айқын. Ол – студенттің жадына мамандығын игеруге қажетті ақпараттарды тоқу. Шәкірт барлығын жадына сақтауы тиіс. Ал, студенттер қазір ойлануды да қойып бара жатқан секілді. Әрине, тапсырманың жылдам орындалғаны жақсы. Алайда, мидың дамуына кері әсерін берді деп ойлаймын, – деді Шыңғыс Зипатолла.

Жазушы Ерзат Ермағанбетов – Қарағандыдағы №97 гимназияда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Оның да осы тақырыпқа қатысты пікірін білдік.

– Шығармашылыққа бейім балалар мектеп қабырғасынан көріне бастайды. Мұғалімнің міндеті – соларға жол нұсқау. Оқушы шығарманы өзі жазып келді ме, жоқ па, оп-оңай білуге болады. Өйткені, алдындағы әр шәкірттің мүмкіндігін білесің. Чат GPT пайда болғалы алдымен келіп түсетін шығармалардың барлығы бір-біріне ұқсайды. Бала қиялының

ешкендай да нышаны байқалмайды. Өзі жазып келген шығарманы мазмұндап та бере алмайды. Оларға қандай баға қоярыңды да білмейсің. Орындаған тапсырмасынан қате таппайсың. Ғаламтордан көшірілген дүниені бұрын оп-оңай әшкерелейтін едік. Чат GPT жазып бергенді әшкерелей алмайсың, – дейді ол.

Етті қақтап жегеннен бастап, адам баласының жақ сүйегі мен асқазаны кішірейген дейді ғалымдар. Тылсым һәм күрделі эволюция. Яғни, атқарар қызметі едәуір жеңілдеген. Енді жыл өткен сайын ойдың да қызметі жеңілдеп барады. Біз үшін өзіміз жасаған технология ойлайды.

Әйгілі жазушы Габриэль Гарсия Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романында бір қызық оқиға болады. Күндердің бір күнінде Маконодо қаласындағы Буэния әулетінің соңғы өкілдері заттардың атауын ұмытып қалады. Бір-бірімен тілдесуден қалады...

• КӨРМЕ

## Бала қиялының әлемі

«Sketch Academy» көркемсурет студиясының жұмыс істеп келе жатқанына бес жылдам астам уақыт болған. Бұл студияның тек Қарағандыда ғана емес, Теміртау, Шахтинск қаласында да кеңселері бар. Одан бөлек, Павлодар мен Көкшетау қаласында да қанатын кенге жайып келеді. Жақында аталған студияның есеп беру кеші өтті. Өңірдегі кеңселерден шыққан үздік жас суретшілердің 150-ден астам туындысы облыстық бейнелеу өнері музейінің төріне қойылды. Көрмеге белгілі суретші және халықаралық антидрольдық қозғалыстың белсендісі Кәріпбек Күйіков қатысып, жас суретшілерге тілегін жолдады.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрмеге қойылған суреттер түрлі тақырыпта түрлі техникамен салынған. Акрил және гуашпен салынған, тіпті, пластиктен жасалған көлемді әрі шағын туындыларды осы арадан көре аласыз. Бұның бәрі – аталған студияның бес жастан 16 жас аралығындағы

тәрбиеленушілерінің еңбегі. Бір айта кететіні – көркемсурет студиясының негізін қалаушы Дәурен Көшен жас суретшілерге еркіндік бергендігі. Яғни, әрбір жас суретші көкейіндегісінен немесе

Белгілі суретші Кәріпбек Күйіков те жас суретшілердің туындыларына бағасын берді.

– Мен мына жарық дүниеге қолыңды салдым. Бірақ, аяқпен сурет салуды үйрендім. Дәрігерлерім тыйым салған еді. Оған да қарамадым. Мектепте сабақ берген ұстаздарымның дәрісінің арқасында осындай дәрежеге жеттім. Әрбір салынған сурет – автордың жан дүниесі. Жан дүниенің нені қалайды, соны салыңыз. Сонда ғана керемет туынды шығады. Біздің



мүмкіндігіміз – шексіз, – деді суретші.

14 жастағы Дана Игисина «Лило и Стич» мультфильміндегі Стичтің бейнесін балшықтан жасапты.

– Балшықтан мүсін жасау – оңай емес. Стичтің бейнесін жасауға бірнеше күнім кетті. Әуелі фольганы дөңгелетіп алып, сыртына балшық жабыстырдым. Өбден кептіріп, көзін, құлағын ойып, қолы мен аяғын жасайсыз. Мен көздерін дүкеннен сатып алып, жабыстырдым. Бәрі біткеннен кейін бояп шықтым, – деді жас суретші.

Зейнеткер Станислав Тен болса, немересі үшін көрмеге отбасымен арнайы келген. 14 жастағы София есімді немересінің көрмеге екі туындысы қойылыпты.

– Немеремнің сурет үйірмесіне қатысып жүргеніне екі жылдан асты. Былтыр да көрмеге туындылары қойылған. Биыл ата-әжесі, анасы болып, немеремізді қолдауға келдік. Көрмеге қойылған туындысының бірі балшықтан жасалған. Әр сабақтан кейін «Ата, мен бүгін мынандай дүние жасадым» деп мақтанып келеді. Сурет десе, ішкен асын жерге қояды. Ал, біз қызымызға қашан да қолдау білдіреміз, – деді Станислав Алексеевич.

Суретті түсірген автор

ORTALYQ  
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqsa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісулы ӨБІЛДА  
Директордың орынбасары  
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ  
Директордың орынбасары  
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҰСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шег, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☒

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KZJLJKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 638

№3 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Триграфия Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Еркәнат КЕНЕСБЕКҰЛЫ